



№ 9 (8897)
жұма 4 наурыз
2022 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

КУЛЬТУБЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: **ХАЛЫҚҚА ОРЫНДАЛМАЙТЫН УӘДЕ БЕРМЕУІМІЗ КЕРЕК**



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Nur Otan» партиясының кезектен тыс съезіне қатысты. Қасым-Жомарт Тоқаев сөз басында барша қазақстандықтарды Алғыс айту күнімен құттықтады.
— Біз осындай ынтымақтың арқасында қаңтардағы қиын-қыстау күндерде мемлекеттіміз бен

тұтастығымызды қорғап қалдық. Тәуелсіздігімізге төнген қатердің бетін қайтардық. Сын сағатта бірлігін сақтай білген барша отандастарымызға зор ризашылық білдіремін. Ұйымды жаңғырту туралы алқалы жиынның дәл бүгін өтуінің символдық мәні бар. Бірінші наурыз – партияның құрылған күні. 23 жыл бұрын

еліміздегі ең басты саяси ұйымның негізі қаланды. Партия халықты ортақ мақсатқа жұмылдырды. Қоғамға пайдалы көптеген бастамалар көтеріп, сайлаушылардың қолдауына ие болды, – деді Президент.

2-бет

ТҮГҮР

Алматы облысының әкімі Қ.Бозымбаев:

ЖЕТІСУДЫҢ ӘЛЕУЕТІ ІРІ ӨНДІРІСТЕРМЕН ІРГЕЛЕНБЕК

Алматы облысының әкімі Қанат Бозымбаев республикалық, облыстық газет-журналдардың, телеарналардың, интернет-сайттардың журналистерімен брифинг өткізіп, Жетісу жерінде атқарылып жатқан істер мен межеленген міндеттер жайлы бүкпесіз әңгіме жасады.

Брифингке қатысқан 20 журналист 2 сағаттан астам уақыттың ішінде облыстың дамуына, өркендеуіне қажетті салаларды қамтитын 29 сұрақ қойып үлгерді. Алғашқы сауалды қойған облыс әкімінің баспасөз хатшысы Руслан Ербота биылғы қаңтардың қаралы күндерінің қалай өткенін сұраған болатын. Облыс әкімі өз көзімен көріп, көңіліне түйгенін түгелдей хронологиялық тәртіппен айтып берді. Оның айтқанына қарап ой қорытқан тілшілер қауымы сауалдарын кезекпен қойып, көпшілікті алаңдатқан мәселелерді шешудің жолдарын сұрады.
«Қазақстан» телеарнасының тілшісі Қуаныш Серікханов облыс әкімі айтқан 21 мың жұмыссыз жастың жағдайын, облыс орталығына инвестициялық жобаларды көптеп әкелудің мүмкіндігін пайдалану қажеттігін, қант қызылшасын өсіретін егістік ауқымын ұлғайтудың тиімділігін алға тартып сұрақ қойды.
— Аймақтың дамуына қатысты сұрақтардың көп екенін жақсы білемін. Соны ескеріп, облыстағы проблемаларды шешуге қатысты жоспарымызды



қысқаша таныстыра кетейін, – деген Қанат Алдабергәнулы облыста қолға алынатын тиіс жұмыстардың жобасын көпшілік назарына ұсынды. – Жетісу жерінде әлеуметтік-инженерлік инфрақұрылым саласында өзекті мәселелер баршылық. Оларды жүйелі түрде шешсек халықтың әлеуметтік наразылығын азайтар едік.
Біріншіден, мектептердегі ұшауысымды жою керек. Қазір облысымызда 54

ұшауысымды мектеп бар. Бала туудың жоғары көрсеткіші және ішкі көші-қон есебінен оқушылардың қатары жыл сайын 20 мың балаға өсіп, ұшауысымды мектептер амалсыз іске қосылуда. Осыған байланысты 2025 жылға дейін облыста 110 мектеп салуымыз керек. Оның 83-і мемлекеттік бюджет есебінен салынуы тиіс.

3-бет

ИЛТИПАТ

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді ерекше мереке – Алғыс айту күнімен құттықтаймын!
Бұл халқымыздың дәстүріне айналған мейірімділік және жанашырлық секілді асыл қасиеттерін күллі әлемге паш ететін күн. Бұл күні саяси қуғын-сүргін жылдарында жер аударылып, сағым қуған сайын далаға жеткен көптеген халықтың көрген азабын жеңілдетуге, тартқан қорлығын сейілтуге үлес қосқан қазақ халқына алғыс айтылып, бүгінде тату-тәтті тіршілік кешіп жатқан 130-дан астам этнос өкілінің кең-байтақ еліміздегі бейбітшілік пен тыныштыққа шүкір етуімен дәріптеледі. Бұл күн еліміздегі барлық этностың әрқайсысы өзінің қайталанбас ұлттық бояуы қанық сан алуан мәдениетін көрсетіп, оның елдік өркениет жолымен қанат жайып, дамып жатқанын, бірлігі бекем біртұтас ел құрудың заманауи келбетін қалыптастырып жатқан Қазақстанды әлемге таныта беретін күн.

Құрметті жерлестер!
Сіздерге игі ілтипатпен зор денсаулық, бақыт, бейбітшілік пен келісім, еңбекте табыс, жаңа жетістіктер, тұрақтылық пен ынтымақ тілеймін! Бейбітшілік пен өзара алғыс әрқашан біздің жүрегімізде болсын!
**Ізгі ниетпен,
Рустам Али,
Ескелді ауданының әкімі.**

Уважаемые жители района!

Поздравляю вас с особенным праздником – Днем благодарности!
Это день уважения друг к другу всех граждан, которые вместе преодолели непростые времена и за короткий срок прошли путь развития нашей страны.
Этот день символизирует для каждого казахстанца память о суровых годах массовых репрессий, голода и разрухи, когда тысячи людей в одночасье были сорваны с родных мест и оказались в степях Казахстана. Многие переселенцы выжили благодаря милосердию казахов, приютивших их в первые суровые зимы, разделивших с ними кусок хлеба. Эта поддержка заложила основы для крепкой дружбы всех этносов, для которых Казахстан стал родным домом.
Эта дружба – и сегодня наше главное достояние.
Дорогие земляки!
От всего сердца желаю вам крепкого здоровья, счастья, мира и согласия, успехов в труде, новых достижений, стабильности и сплоченности! Пусть мир и взаимная благодарность всегда будут в наших сердцах!
**С уважением,
Рустам Али,
аким Ескельдинского района.**

Ақжаулықты әжелер, ардақты Аналар, аяулы арулар!

Сіздерді күлімдеген көктеммен бірге келетін 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесімен ізгі ниетпен құттықтаймын!
8-наурыз – әйелдер мерекесі, әсемдік пен сұлулық, көктем мен жандану мерекесі. Ана – өміріміздің мәні, отбасымыздың сәні, қоғамдағы ыстық ықылас, мейірім мен пәк сезімдердің қайнар көзі. Әйел қашанда тіршіліктің шырайы, отбасының шырағы. Ұлттың асыл қасиеті ұрпақтың бойына ана сүтімен дарып, болашаққа жалғасады. Ерді үйдің иесіне санаған дана халқымыз әйелді шаңырақтың киесіне балаған. Кез келген әйел ең бірінші кезекте отбасының тыныштығы мен балаларының амандығын ойлайды. Өйткені, шаңырағы берік отбасы – қоғам тұрақтылығы мен гүлденуінің, тәуелсіз еліміздің нығайуының кепілі. Бүгінде әйелдер қауымы қоғамымыздың экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани және басқа да салаларында қызмет етіп, өздерінің біліктілігін, қабілет-дарынын, іскерліктерін көрсетіп келеді.
Ардақты аналар, апа-қарындастар!
Сіздерді Халықаралық әйелдер күнімен тағы да құттықтай отырып, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, ұзақ әрі шаттыққа толы ғұмыр, шаңырақтарыңызға құт-береке тілеймін.
Мерекелеріңіз құтты болсын!
**Ізгі ниетпен,
Рустам Али,
Ескелді ауданының әкімі.**

Дорогие мамы, милые женщины!

От всего сердца поздравляю вас с весенним праздником – Днем 8 Марта!
Сегодня замечательный день выразить вам свои чувства восхищения, признательности и уважения.
Именно представительницы прекрасного пола наполняют наш мир красотой, душевной щедростью, любовью и нежностью. Вы гармонично сочетаете заботу о семье и уюте домашнего очага. Ярко проявляете себя во всех сферах жизнедеятельности, добиваясь успехов в экономике и бизнесе, образовании и здравоохранении, культуре и спорте. Благодаря вашей интуиции, мудрости, доброте и сострадательности воплощаются в жизнь важнейшие идеи и социальные проекты, направленные на развитие нашего района и всей страны.
Пусть этот чудесный весенний праздник подарит вам радость и счастье! Желаю вам крепкого здоровья, отличного настроения, семейного благополучия и любви!
**С уважением,
Рустам Али,
аким Ескельдинского района.**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев:

ХАЛЫҚҚА ОРЫНДАЛМАЙТЫН УӘДЕ БЕРМЕУІМІЗ КЕРЕК

Мемлекет басшысы партияның келешегі жөнінде айта келіп, оның бұған дейін атқарған жұмысын ұмытуға болмайтынына, өз ісіне берілген партия белсенділерінің қажырлы еңбегіне құрметпен қарау керек екеніне тоқталды.

Президент еліміздің «Жаңа Қазақстанды» құру жөніндегі ауқымды міндетті орындауға кіріскенін мәлімдеді. Алдымызда мемлекетіміздің болашақ тағдырын шешетін аса маңызды жұмыс тұр. Оны ойдағыдай жүзеге асыру үшін жаңа мақсат-міндеттерімізді айқындап алуымыз қажет. Партия барлық реформаға ұйытқы болуға тиіс.

— Саяси ұйымның атауын Аманат деп өзгерту ұсынылды. Жасыратын ештеңе жоқ, мен де бұл мәселеге байланысты пікірталасқа қатыстым. Бірнеше ұсыныс болды, соның ішінен Аманат деген атауға тоқтадық. Бұл — еліміз үшін де, ұлтымыз үшін де айрықша мәні бар киелі ұғым. Егемендігіміз, елдігіміз бен бірлігіміз, кең байтақ жеріміз — бізге бабалардан жеткен аманат. Осы қастерлі құндылықтарымызды көздің қарашығындай сақтап, болашаққа мұрас етуіміз керек. Мемлекеттілік дәстүр жалғастығы, ұрпақ сабақтастығы дегеніміз — міне осы. Халқымыз ешқашан аманатқа қиянат жасамаған. Партия бұл қағидатты берік ұстанады.

«Аманат» ата-бабаларымыздың келешек ұрпаққа қалдырған өсиеті деген ұғымды білдіреді. Аманат сөзінің — мағынасы терең, халқымыздың тарихы мен мәдениетінде ерекше орын алады. Ол бабаларымыз өсиет еткен тәуелсіздіктің мәңгі арман-мұраты, қуатты мемлекеттіліктің және жалпыұлттық тұтастықтың, кең-байтақ Отанымыздың құндылығы ретінде сипатталады. Біз осы баға жетпес мұрамызды сақтап, нығайтуға тиіспіз. Бұл — біздің аға буын мен өскелең ұрпақ алдындағы қастерлі борышымыз. Сондықтан мен партиямызды ресми түрде Аманат деп атауды толық қолдаймын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент өткен айда жүргізілген ауқымды аналитикалық жұмыстар партия қызметіне маңызды өзгерістер енгізу қажет екенін көрсетті деп атап өтті. Жоғарыда айтылған ұсыныстарды қолдай отырып, партия Төрағасы бірқатар басым міндетті айқындап берді. Оның пікірінше, ең алдымен, орталыққа тәуелділікті жою және партия аппаратының тиімділігін арттыру қажет.

— Партия аппаратының жұмысында бюрократияның теріс сипаттары анық көрінді. Желілік кестелер, есеп беру және қағаз жүзіндегі іс-шаралар сайлаушылармен тікелей жұмыс істеуді екінші орынға сырғытты. Жұмысқа құлшынып тұрған азаматтар өз орындарын дарынсыз функционерлерге беруге мәжбүр болды.

Сондықтан орталық аппараттың филиалдармен және бастауыш партиялық ұйымдармен өзара іс-қимыл әдістерін толығымен қайта қарау қажет. Бюрократия мен қағазбастылықтан үзілді-кесілді бас тарту керек. Аймақтық филиалдар мен бастауыш ұйымдары сайлаушылармен өздігінен жұмыс істей алады және жұмыс істеуге міндетті. Орталық аппарат нұсқаушылық және «қолмен» басқару тәжірибесінен арылуға тиіс, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Мәжіліс пен мәслихаттардағы фракциялардың қызметін жандандыру қажет. Депутаттық фракциялар диалог алаңдарын ұйымдастыру міндетін өздеріне алып, олардың жұмыс қорытындысы бойынша нақты нәтижеге қол жеткізуі керек.

— Әлеуметтік желілер мен қала алаңдарындағы қоғамдық талқылауларды Парламент пен мәслихаттарда өткізген жөн. Бұл — аса маңызды міндет. Фракциялар депутаттық сауалдармен шектеліп қалмай, парламенттік және қоғамдық талқылаулар мен ашық пікір-сайыстарға баруға тиіс. Керек болса, Үкіметтің нақты мүшелері мен әкімдерге сенім мәселесін көтеру қажет. Барлық деңгейдегі партия депутаттарының рейтингі алдын ала дайындалған есептерге емес, нақты істер мен азаматтардың мәселелерін шешуге негізделуі керек, — деді партия Төрағасы.

Мемлекет басшысы азаматтардың мүдделерін ілгерілетуді және партияның ашықтығын басты мәселе ретінде айқындады.

— Партия популизмге салынып, орындалмайтын уәде бермегені жөн. Сонда Премьер-министр мен кабинет мүшелерінен қажетті сандарды талап етуге де жол берілмейді. Егер осылай жалғаса берсе, күдік күшейіп, адамдардың партияға деген сенімі жоғалады. Ал оның партияға кері әсері тиеді. Бұндай көзбояушылықтың салдары адамдардың әлеуметтік көңіл-күйіне және ішкі саяси тұрақтылыққа ықпал етеді. Бұған, әсіресе, геосаяси тұрақсыздық жағдайында жол беруге болмайды. Сайлаушылармен кері байланысты күшейткен жөн және осы бағытта қоғамдық қабылдаулардың әлеуетін барынша пайдалану қажет, — деді Президент.

Партия Төрағасы елімізді одан әрі жаңғырту үшін партияластарынан тың ұсыныстар күтетінін атап өтті. Сондықтан жалпыұлттық өзекті мәселелер күн тәртібін әзірлеу үшін Қазақстанның әрбір азаматынан тың идеялар мен ұсыныстар жинау жөнінде республикалық акция ұйымдастырған жөн. Мемлекет басшысы партияластардың ішінен сенімді адамдарды іріктеп, оларды ілгерілету ісін

жалғастырған дұрыс деп санайды.

— Ашығын айтқанда, қазіргі кезде саяси менеджерлерді даярлау ісі ақсап тұр. Қазіргі жағдайда саяси басшылар түрлі мамандармен, жастармен, журналистермен, халықтың барлық өкілдерімен тіл табыса алуы керек. Мұндай адамдар ел арасында аз емес. Әлеуметтік лифтінің жоқтығы — бірден-бір кедергі. Жас әрі қабілетті мамандарға мүмкіндік бермейміз. Бұл — біздің басты кемшілігіміз. Партия құрылымында Саяси менеджмент академиясы бар. Осы академияның қызметін күшейту қажет, — деді Президент.

Президент осы айтылған міндеттерді мейлінше қысқа мерзім ішінде орындау қажет екеніне назар аударды. Партия Төрағасы орталық аппаратқа жұмыс тобын құрып, партияның жаңа тұғырнамасын әзірлеуді тапсырды. Оның айтуынша, Аманат — озық ойлау мен әділдіктің, бірлік пен алға ілгерілеудің партиясы, халықтың пікірі мен ел мүддесін ескеретін азаматтарымыздың игілігі жолында қызмет ететін негізгі ұйым. Украинада болып жатқан қазіргі жағдайда осы айтылған барлық мәселенің мәні зор.

— Біздің ұстанымымыз мемлекетіміздің қауіпсіздігін, егемендігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз етуді көздейді. Біз 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының саммитін өткізген ел ретінде еуразиялық қауіпсіздіктің тұтастығы қағидатына бейілдіміз. Мен бұл туралы 10 ақпанда Мәскеуге жасаған сапарымда айттым. Біз екі мемлекетті келіссөз үстелінде ортақ тіл табысуға, уағдаластық пен келісімге келуге шақырамыз. Басқа жол жоқ. Жақсы жанжалдан жаман бітім артық. Бейбітшіліксіз даму болмайды, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, Қазақстан, қажет болса, делдалдық қызметтермен қоса, барлық көмек түрлерін көрсетуге дайын.

— Мен Қауіпсіздік Кеңесінің бірқатар отырысын өткіздім. Санкциялық қарсылықтың бұрын-соңды болмаған шиеленісуі жағдайында Үкіметке елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету жөнінде нақты міндеттер жүктедім. Біздің экономикамыз дағдарыс жағдайында үздіксіз жұмыс істеуді қамтамасыз ету үшін санкциялық сын-қатерлерге қарсы тұруға дайын болуы керек. Алдағы қиындықтар мен сынақтарды бәріміз бірге еңсереміз деп ойлаймын. Олардың күрделілігін бағаламауға немесе асыра көрсетуге болмайды, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев елдің қауіпсіздігі мен азаматтың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға уәде берді.

«ЖШ»-ақпарат

МӘНГІЛІК БАТЫР БЕЙНЕСІ

Ел тағдырын бәрінен биік қойған, қазақ батырлары қазақ топырағында аз болған жоқ. Ерлік - елдің туы. Ер қуаты - қару болса, ел қуаты - батырлары. Халық қашанда қаһарман ұлдарын пана тұтқан. Ел үшін ерлік етіп, жаудың жағасын жыртқан батырларын мадақтап, ақындарын ардақтап өткен қазақтан басқа ұлт жоқ шығар, сірә?! Ауданымыздан Ауған соғысына қатысып, интернационалистік миссия орындау барысында қаза тапқан асыл ерлер аз емес. Солардың бірі — Сәбит Оразбеков. Жуырда Нұрмолда Алдабергенов атындағы орта мектепте Отан алдындағы парызына адал болған Ауған соғысы ардагерлеріне арналған, Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 33 жыл толуына орай және Ауған соғысының ардагері жерлесіміз Сәбит Оразбековті еске алуға арналған салтанатты жиын болып өтті.



Еске алу шарасына батырдың анасы Қайнеке Оразбекова Түсіпқызы арнайы шақырылды. Сонымен қатар облыстық «Ауған соғысы ардагерлері ұйымдарының қауымдастығы» төрағасы Қайрат Жанбаев, ауған соғысының ардагері Мұрат Исаканов және майдангер достары Жақсылық Дүйсенбаев, Серік Касимов, Қазбек Бейсебеков сынды азаматтар қатысты.



Өңіріміздің өршіл ұлы Сәбит Оразбеков 1968 жылы Алақөл ауданы Қызыл-Ащи ауылында дүниеге келген. Кейін отбасы мен бірге Ескелді ауданы Қаратал ауылына көшіп келеді. Аты аталған ауылдың Қаратал орта мектебіне білім алып, пионерлер қатарына қабылданады. Кейін оқуды Нұрмолда Алдабергенов атындағы орта мектепте жалғасырып, осы мектептің түлегі атанады. Ел ертеңі үшін туған ел азаматы 1986 жылдың 13-сәуірінде Кеңес әскерлерінің қатарына шақырылып, Ауғанстан топырағына интернационалдық борышын өтеуге аттанады. Алайда ер тұлға 1987 жылы 18-ақпанда жау қолынан ерлікпен қаза табады. Биыл жерлесіміздің дүниеден озғанына 35 жыл толып отыр.



Қазір біз болашағы жарқын, бағыты айқын тәуелсіз елде жастарымызды тәрбиелеп жатырмыз. Бүгінгі ұрпақтың бойына арда азаматтардың бейнесі мен ерлігін сынаптай сіңіруіміз керек.

А. ТАТУБАЕВА

Н.Алдабергенов атындағы орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

◆ MÖLDİR BÜLAQ

ДЕНІҢІЗ САУ БОЛСЫН ДЕСЕҢІЗ...

Салауатты өмір салты — денсаулық кепілі. Шынымен-ақ, денің сау болмаса ештеңеге құлқың жоқ. Осы ретте, салауатты өмір салтын қалай насихаттауға болатынын айта кетсек, физикалық белсенділікті тұрақтандыру, өзіне ұнамды жүрегің қалаған спортты таңдау, денсаулығыңды күте білу. Осы тұста Поль Бреггтің «өзінді жасай біл» деген ұстанымы ойға түседі.

Барлығымыз білетіндей қазіргі таңда спорт қоғамдағы мәселелердің біріне айналды. Оны халыққа қалай насихаттауға болады? Меніңше, ең алдымен жастарды спортқа, қызықтыру қажет. Мектеп бағдарламасына басқа пәндер секілді оқыту керек. Халықтың әдеттермен әуестігін төмендету де артық етпес. Мектеп қабырғасынан спорт саласында бетке ұстар тұлға болатын азаматтарды дайындау қажет. Жалпақ тілмен айтсақ, спортты тек қызығушылық ретінде қарамай, жауапты сала түсінігінде қарау салауатты өмір салтын қалыптастыруға едәуір әсер етер еді.

Сөз соңында айтарым, салауатты өмір салтын күнделікті рационға енгізу - әркімнің міндеті. «Тәні саудың - жаны сау» деп бекер айтпаған ғой дана халқымыз.

Мөлдір ТҮКТІБАЙ,
Титов атындағы
орта мектептің оқушысы

◆ ÜDE

ҚАДІР ДАЯРЛАУДАҒЫ ТЫҢ ӨДІС

Заманауи мемлекеттік қызметші тәзімділік, бастамашылдық, жауапкершілік, парасаттылық, жеделділік сияқты құзыреттерге ие болуы тиіс. Соның нәтижесінде бәсекеге қабілеттілік қалыптасады. Осы орайда, «Жетісу» мемлекеттік қызмет мектебінің базасында психология магистрі, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Алматы облысы бойынша филиалының оқытушысы Мариям Қадырқызы болашақ мемлекеттік қызметшілерге «Эмоционалдық интеллект» тақырыбында тренинг өткізді.

Бұл тренинг студенттер үшін өз құзыреттерін дамыту үшін жаңа және қажетті білім. Мемлекеттік қызмет мектебі — жас мамандарға, жоғары оқу орындарының түлектеріне, өмірін мемлекеттік қызметпен байланыстырғысы келетін жаңа ұрпаққа арналған жоба.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті

◆ ÜDE

МЕМҚЫЗМЕТТІҢ ҚЫР-СЫРЫМЕН ҚАҢЫҚТЫ

Жуырда ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті «Ашық есік» шарасын ұйымдастырды. Айтулы жиынға І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті мен Д.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының студенттері қатысты. Ізденушілер департаменттің әрбір құрылымдық бөлімшесінің қызметімен, оның ішінде мемлекеттік қызметке түсу тәртібімен танысты.

Шараның мақсаты - мемлекеттік қызметтің оң имиджін қалыптастыру, ашықтықты арттыру, департаменттің ішкі қызметімен таныстыру. Шараға қатысушыларды департамент басшысы Л.Бейсеқұлова қарсы алып, шараның мақсатын таныстырып, жастардың пікірін тыңдады. Сауалдарына жауап та берілді. Сонымен қатар, ұйымдастырушылар тестілеу залына және ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Алматы облысы бойынша филиалының ғимаратына экскурсия жасады. Студенттер тестілеуден өту бағдарламалары жайлы, мемлекеттік қызметшілерді оқыту бағдарламалары мен шарттары туралы толық ақпарат алды, кітапханаға және аудиовизуалды-интерактивті мультимедиа жүйелерімен жабдықталған оқу аудиторияларының жұмысымен танысты.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша Департаменті

Басы 1-бетте

Алматы облысының әкімі Қ.Бозымбаев:

ЖЕТИСУДЫҢ ӘЛЕУЕТІ ІРІ ӨНДІРІСТЕРМЕН ІРГЕЛЕНБЕК

лы қуат көздерін өндіруге және отандық туризмді дамытуға қажетті инвестиция тарту көзделген. Одан бөлек, облыстың 2025 жылға дейінгі инвестициялық портфелі құрылған. Оған 19 мың жұмыс орнын ашатын, жалпы құны 2,8 триллион теңге болатын 289 жоба енгізіліп отыр. Бұл жобалар негізінен өңдеуші өнеркәсіп, сауда, ауылшаруашылығы, көлік және құрылыс салаларын қамтиды.

облыс әкімі Қанат Бозымбаев «Ratel.kz» интернет ресурсының тілшісі Әлия Ахмедиева қойған облыстық әкімдіктердің ашықтығына, Алматы облысында салыну мүмкін атом-электр стансысының құрылысына қатысты сауалдарға жауап берді.

Оның айтуынша, облыстағы әрбір мекеме ашықтықты, жариялықты қолдап, қажетінше жергілікті жұртшылықты тыңдауы тиіс. Осы бағытта об-

апатынан талай азаматтың зардап шеккені ұмытыла қойған жоқ. Ондай үрей Жапониядағы Фукусима атом-электр стансысы жарылғаннан кейін еселеніп кетті. Сондықтан бұл мәселеге өте мұқият қарауымыз керек. Өз басым оның қайда салынатынын білмеймін, мүмкін Балқашқа, мүмкін Ертіске, мүмкін Каспийге салынар. Бірақ атом стансысының реакторын суыту үшін су мөлшері қажеттігін білемін. Ол суды кейіннен пайдалануға болатындай, қоршаған орта мен табиғатқа зияны тимейтіндей жасау керек. Ал, сіз айтқандай, менің Алматы облысына әкім болып келуімнің негізгі мақсаты – атом-электр стансысын салу екендігі жайлы әңгімеге келер болсақ, стансының құрылысын салуға қажетті жерді табу, оның жұмысын жүргізу әкімнің міндетіне еш кірмейді. Сондықтан жел сөзге, есекке сене берудің қажеті жоқ.

Белгілі журналист Болат Абағанның Үйгентас, Қапал өңірлері жұртшылығының қайтадан аудан статусын алуды қалайтынын айтып, шегараның шетіндегі өңірлердің жағдайын Мемлекет басшысына, Үкіметке жеткізуді сұраған сауалына облыс әкімі алдымен сол өңірлерге барып, мәселені анықтайтынын жеткізді.

Біздің атом-электр стансысы салынған жағдайда қай елдің үлгісі басшылыққа алынуы мүмкін екендігін сұраған сауалымызға Қанат Алдабергенов халықаралық тендер ойнатылған жағдайда оған әлемде алдыңғы орында тұрған Қытай, Ресей, Корея, Франция елдерінің қатыса алатынын жеткізіп, олардың мүмкіндігі мен тәжірибесі бар екендігін атап өтті. Одан соң ел ішінде Қытайға қатысты алаңдаушылық бар екендігін айтқан сауалымызға мемлекеттің дамуы негізінен инвесторларға байланысты екендігін, таза бизнес жүргізуді қалайтындарға қолдау көрсету керектігін атап өткен облыс әкімі шетелдіктердің еліміздің заңнамасын сақтауы тиістігін, оны жергілікті биліктің қалайтындарға міндетті екендігін жеткізді. Ол үшін халыққа түсіндіру жұмыстарын дұрыс жүргізу керек.

«31» телеарнасының тілшісі Самал Қабышева мен «ҚазТАГ» агенттігінің тілшісі Лариса Штоппель қойған сауалдарға жауап ретінде көтерілген мәселелерді анықтап, құзырлы органдар мен аудан әкімдіктеріне тапсырма беретінін жеткізген облыс әкімі «Заң» газетінің тілшісі Нұрбол Өрдібаевтың:

инвесторлар еліміздің шығысынан, солтүстік аймақтардан маман тартатын шығар. Бірақ біз дуалды оқыту жүйесі арқылы осы кәсіпорынның бір колледжбен байланысын нығайтамыз. Сол колледжде комбинатқа арнайы мамандар даярланатын болады. Жалпы колледждер жергілікті өндіріс орындарымен тығыз байланыста болуы керек. Тәжірибелі инвесторлар мұндай оқыту базасын өздері де керек етеді, – деп жауап берді.

Бұдан соң «Спутник» агенттігінің тілшісі Жанна Етекбаева, «NewTimes.kz» сайтының тілшісі Диана Аморова «Еуразия» телеарнасының тілшісі Думан Алтынбекұлы, «Дала мен қала» газетінің тілшісі Думан Бықай, «Жас Алаш» газетінің тілшісі Жарас Кемелжан кезекпен сұрақ қойып, өздерін толғандырған мәселелердің жауабын білгісі келетіндерін жеткізді.

Әрбір сауалға мұқият жауап берген облыс әкімі Қаңтар оқиғасы кезінде қызметтік орындарын тастап кеткен полиция қызметкерлерінің жауапқа тартылатын, тартылмайтынын сұраған «Nege.kz» сайтының тілшісі Арман Құдайбергенов:

– Бұл өте маңызды сұрақ. Олар да біздің әріптестеріміз. Бірақ шындық айтылуы керек. Оларды жұмыс орнын тастап қашып кетті, яки, басқа жағдай болды деп ештеңе айта алмаймын. Алайда сол кезде Талдықорғанда тәулік бойы билік болмағаны анық. Өз басым Талдықорғанда туыстарымның үйінде болдым. Құқық қорғау органдарынан менімен прокурор, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне қарасты департамент басшысы хабарласып, жағдайды біліп отырды. Қасымда 20 адам болды. Артынан біз Ұлттық қауіпсіздік департаментінің басшысымен бірге штаб құрып, жұмыс жүргізе бастадық. Артынан облыстық полиция департаментінің басшысы мен бес орынбасары қызметтен босатылды. Тіпті, Ішкі істер министрлігінің бұйрығымен орган қызметкерлері қатарынан шығарылды. ҰҚК облыстық департаментінің басшысы да қызметінен кетті. Осы деректерге байланысты Бас прокуратура тергеу амалдарын жүргізіп жатыр, – деп жауап берген Қанат Алдабергеновтің әлеуметтік желіге таралып кеткен басқа мәселелер жайлы да түсініктеме бере кетті.

Облыс әкімінің брифингі жаңаша сипатта, жаңа үлгіде өтті. Қойылар сұрақтарды іріктеу немесе дайын сауал қойғызу секілді әрекет байқалмады. Осының өзі Жетісу жерінде ашықтықтың, жариялықтың лебі есе бастағанын көрсетеді.

Баспасөз мәслихатын түйіндеген аймақ жетекшісі мұндай кездесулердің алдағы уақытта жиі-жиі болып тұратынын, қордаланған мәселелерді шешудің жолын журналистер



жүйелерін қалпына келтіріп, егістік жерлердің ауқымын тағы 10-15 мың гектарға ұлғайтуды ойластырып отырмыз. Бұл қант қызылшасының өнімін 500 мың тоннаға жеткізуге мүмкіндік береді. Ең бастысы, қант қызылшасының түсімі мол тұқымын алдыру керек. Себебі, қазір облыс диқандары сеуіп жатқан тұқым гектарына 100 центнерден төмен өнім береді. Бұл тиімсіз. Зауыттар қызылшасының килесіне төлейтін 28 теңгенің 15 теңгесі бюджет есебінен беріледі. Сол себепті суармалы жерлердің ауқымын ұлғайту біртіндеп жүзеге асырылуы тиіс. Сонда ғана қант қызылшасынан түсетін табыс арта түседі.

Үшінші, облыстағы елді мекендердің 95 пайызы орталықтандырылған ауысумен қамтамасыз етілген. Алайда осындай жоғары көрсеткішке қарамастан су құбырлары мен желілерінің басым бөлігі тозған. Негіз сумен жабдықтау жүйелерінің 35 пайызы жаңартуды талап етеді. Кеңестік кезеңнен қалған су жүйелерін қалпына келтіру керек.

Төртінші, облыстағы 164 елді мекен немесе газдандыруға жататын елді мекендердің 35 пайызы ғана табиғи газға қосылған. Осыған дейін 1 миллион 300 мың адам газға қол жеткізді деп айтылғанымен кейбір ауылдарға газ жетпеген немесе ауылдардың ішінде тарату желілері толық тартылмаған. Табиғи газға қосу бағасы қымбат. Осыны түзеу жұмыстарын қолға алып жатырмыз. Осыған қатысты Президенттің тиісті тапсырмасы бар. Сондықтан табиғи газға қосылудың бағасын төмендету алдағы уақытта жүргізіледі.

Бесінші, 214 мың адам тұратын 690 саяжайға инженерлік-әлеуметтік инфрақұрылым салу қажет. Ең сорақысы, осы саяжайларда не ауызсу, не электр жарығы жоқ. Электр желісі тартылған саяжайлардағы тариф өте қымбат. Жылу, көріз жүйелері туралы айтудың өзі ұят. Іле, Еңбекшіқазақ, Талғар, Қарасай аудандарында жаңа тұрғын үйлер салу және саяжайларға инфрақұрылым тарту үшін жеке және мемлекеттік инвестиция салу керек. Сондықтан тиісті жоспар әзірлеп отырмыз. Наурыз айында Үкіметтік деңгейде талқыланатын жоспар биылғы жылдан бастап жүзеге асуы тиіс.

Әкімнің айтуынша, Жетісу жерінің дамуына қажетті жұмыс жоспары әзірленуде. Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына терең талдау жасалған жұмыс жоспарында жаңа өндіріс орындарын ашуға, көлік-логистика саласын дамытуға, балама-

Топырағы құнарлы Жетісу жерінде жылыжай салу тиімді екені белгілі. Бұл жергілікті халықты жыл бойы көкөніспен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және бағаның тұрақтануына әсер етеді. Соған орай алдағы 2026 жылға дейін 10 ірі жылыжай шаруашылығын іске қосу жоспарлануда. Жалпы 45 гектар жерге орналасатын олардың жалпы өндірістік қуаты 25 мың тоннаны құрайды.

Бұл 500-ден астам жұмыс орнын құруға көмектеседі. Сондай-ақ, Алматы қаласы мен облыс тұрғындарын құс етімен қамтамасыз ететін екі құс фабрикасы салынып, бір құс фабрикасына кеңейту жұмыстары жүргізіледі. Оларға 1 мыңнан астам адам жұмысқа алынады. Облыс орталығындағы өндірістік аймаққа құрылыс материалдарын өндіретін зауыт салуға инвесторлар ұсыныс жасап жатыр.

Жетісудағы байырғы кен орындарын жаңарту жұмыстары қолға алынып, Бұғыты кен орнында жылына 3,3 миллион тонна вольфрам өндіретін «Жетісу Вольфрамы» ЖШС жұмысқа кірісті. Жалпы инвестициялық құны 94,5 миллиард теңге болатын кен орны 400 адамды жұмыспен қамтиды. Тағы бір маңызды жоба – 1200 жұмыс орнын құратын «Көксай Мүзбел» ЖШС тау-кен байыту комбинатын салу көзделіп отыр. Жалпы құны 650 миллиард теңге инвестиция құйылатын комбинатта жылына 25 миллион тонна мыс кені өңделеді.

Баламалы қуат көздерінен энергия өндіру, көлік-логистика саласын дамыту, отандық туризмнің қанатын кеңге жаюына мүмкіндік беру сынды жұмыстар да ұмыт қалмайды. Соның арқасында жел диірмендері, күн батареялары орнатылып, көршілес Қытай Халық Республикасынан шыққан жүк тасымалын жан-жаққа жеткізу жұмысы жүйеленеді. Тау шаңғысы базасын салу, Алакөл, Балқаш көлдерінің жағалауларын абаттандырып, дамыту ұлттық табиғи саябақтарда экологиялық туризм маршруттарын қалыптастыру жұмыстары өңірдің өркендеуіне жаңаша серпін береді. Одан бөлек, өңірдегі шағын және орта кәсіпкерлік саласын қарқынды дамыту қолға алынады. Соның арқасында алдағы 2025 жылға қарай барлығын қосқанда 75 мың жұмыс орнын құру мезеленуде.

Одан соң «Egemen Qazaqstan» газетінің тілшісі Қалмаханбет Мұқаметқали Талдықорғандағы Назарбаев ескерткішін қайта қалпына келтіруге қатысты дерек интернет желісіне шыққанын алға тартып, соның ақ-қарасын білгісі келетінін жеткізді. Ондай мәліметтің негізсіз екенін айтқан

лыс әкімдігі арнайы жобалар жасап, қоғамдық кеңестердің ұсыныстарына құлақ асуда. Бүгінгі брифинг соның дәлелі екенін алға тартқан Қанат Алдабергеновтың:

– Енді атом-электр стансысының құрылысына келер болсақ, бірден айтпайын, атом-электр стансысының тиімді екендігін жақсы білетіндіктен оны қолдаушылардың бірімін, – деп мәселенің мәнісін түсіндіре кетті. – Тиісті институттар мен үкіметтік мекемелердің электр қуатының болашағына қатысты жасаған болжамына қарайтын болсақ бірнеше жылдан соң елімізде электр қуатының дефициті орын алуы мүмкін. Осы болжамның жаны барлығы жыл өткен сайын байқалып келеді. Сондықтан бізге баламалы қуат көздерін молы-



нан пайдалану керек. Оның үстіне қазіргі экологияның ластануы мен мұздықтардың еруіне көмірқышқыл газының әсері мол екендігі белгілі. Расында көмірқышқыл газы негізінен көмірді көп жаққаннан пайда болады. Ал, көмірқышқыл газын тиімді пайдаланудың технологиясы әлі шыға қойған жоқ.

Дегенмен, ел ішінде атом стансысының қауіптілігі жайлы әңгіме көп. Содан туған үрей басым. Өйткені, Кеңес одағы тұсында Семей полигонында өткен сынақтан мыңдаған адамның қаза тапқаны, Чернобыль

«Бұғыты кен орнындағы вольфрам өндіретін кәсіпорынға жергілікті тұрғындар қара жұмысқа ғана тартыла ма, әлде жастарды оқытып, белгілі бір маман ретінде жұмысқа тарту жоспарда бар ма?» - деген сауалына:

– Қазақстанда вольфрамды пайдаланатын зауыт әзірге жоқ десе де болады. Қазір біздің өңірде сингапурлық компания осы бағытта жұмыс істеуге дайындық жасап жатыр. Орташа шамадағы «Жетісу Вольфрамы» ЖШС-на қарасты тау-кен байыту комбинаты салынады. Оған керекті маман біздің өңірде әзірге жоқ, сондықтан

қауымымен бірлесіп қарастыруға дайын екендігін жеткізді.

Басқосудан кейін облыс әкімі «Твиттер» парақшасында: «Республикалық және жергілікті БАҚ өкілдерімен кездесіп, саяси және әлеуметтік-экономикалық тақырыпта 2,5 сағатқа жалғасқан ашық сұхбат құрдық. Көптеген орында сауалдар болды. Журналистерге жергілікті атқарушы органдардың ашықтығы мен тұрақты кездесулер өткізіп тұруды уәде еттім», - деп өз пікірімен бөлісті.

Мәди АЛЖАНБАЙ,
«Жетісу» газеті

◆ KULTÖBE

ТҮЙІНДІ МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІМСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Мемлекет басшысы, «Nur Otan» партиясының Төрағасы Қасым Жомарт Тоқаевтың «Nur Otan» партиясының кезектен тыс XXI съезінде берілген тапсырмаларын назарға ала отырып, сонымен қатар, «Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасындағы нысандардың орындалуын қадағалау мақсатында ҚР Мәжіліс депутаты кезекті іс-сапарларын бастап кетті. Қала, облыс, аудан жұртымен кездесіп, мәселесін тыңдап, халықтың үніне құлақ асуды бастаған депутаттар байтақ жеріміздің сан қырындай жүр. Киелі Ескелді жеріне табан тіреген депутат та жоқ емес. Жұырда ауданымызға ҚР Мәжіліс депутаты Мақпал Тәжмағамбетова келді.



Халық қалаулысы сапарын шалғай ауылдардан бастауды жөн көргендей. 1300-ге жуық тұрғыны бар Қоңыр ауылының тыныс-тіршілігімен танысқан Мақпал Маззаққызы ауыл тұрғындарының назын тыңдады. Кездесуге ауылдың жастары, көп балалы аналар, мұғалімдер келді. Жиында ауылдағы шаруа қожалық иелері де бой көрсетті. Ұзаққа созылған өңіріміздің түйіні де жақсылықты жариялап тұрды. Содан соң депутат мінген көлік тізгіні Көктөбе ауылының мектебіне, білімнің қара шаңырағына тоқтады. Шәкірттердің талабы мен ұстаздар қауымының тынымсыз еңбегін көзбен көріп, көңілге түйді.

Мұнан соң мәжіліс депутаты М.Тәжмағамбетова аудан әкімі Рұстам Алимеметті бірге аудандық партия филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде бірнеше тұрғынды жеке етініші бойынша қабылдады. Бұл маңда халық қалаулысы тұрғындардың мәселесіне май шаммен үңіліп, тиісті шешімін шығаруға кірісті. Аудан тұрғындары М.Назикулова, А.Баймұхамбетова атаулы әлеуметтік көмек мәселелері бойынша жүгінді.

Көші-қон, жер, жұмыссыздық мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Қабылдауда қойылған сұрақтар аудан әкімінің жеке назарына алынып, қабылдауға қатысқан мекемелердің өкілдеріне бірқатар тапсырма берілді.

Елордадан ат терлетіп келген халық қалаулысына айтар ұсыныстары бар жиналған жұрттың қарасы көп болғандықтан, кездесудің жалғасы аудан әкімдігінде өтті. Ауылдық округ-

терден келген азаматтар мәселесін кезек-кезек, жіпке тізгендей жеткізді. Жер мәселесін Ешкіөлмес ауылының тұрғыны А.Бақытбаев, Қайнарлы ауылының тұрғыны Е.Жаңажол көтерді. Жалғызғаш ауылынан келген А.Кәмілұлы ауылға үлкен аурухана көрегін, ветеринария мамандары тапшы екенін жеткізді. Шымыр ауылының тұрғыны М.Нұсупов ауылды жарықтандыру мәселесіне көңіл бөлуін сұрады. Өрқусақ ауылынан келген М.Тәліп елді мекенде жұмыссыздық мәселесі өршіп тұрғанын жеткізді. Байысов ауылындағы интернет мәселесі де назардан тыс қалмады. Аудан әкімі Рұстам Али халықты қалтқысыз тыңдаған Мәжіліс депутаты Мақпал Тәжмағамбетоваға түйінді сөзді берді.

«XXI ғасыр бүгінгі ұрпаққа, яғни біздерге бұйырған бақыт деп ойлаймын. Ата-бабаларымыз ақтық елді қалғаниа күресіп, егемендік сыйлап кетті. Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашағы білімді де білгір жастардың қолында. Елдің ертеңгі сенімі де жастардың мойнында. Қай заманда болмасын қоғамның қозғаушы күші – жастар. Еліміздің барлық өңірлерінде жастар белсенділігі әлшейтп келеді. Жастар үнемі әлеуметтік және қоғамдық өмірдің ортасында белсенділік танытып жүр. Мәдениет саласына қатысты көптеген өзгерістер орын алып жатыр. Десек те таланттымызды көрсетемін деген жас үшін елімізде барлық мүмкіндік жасалған. Спортсүйер қауым үшін де киелі Ескелді жерінде тамаша комплекс бөй көтерілді. Әрдайым сәттілік сіздерге серік болатынына сенімдімін», - деді Мақпал Маззаққызы.

Келелі кездесуге келген жастар депутатқа сауалдарын қойып, ұсыныстарын жеткізіп, еркін өңіме-дүкен құрды. Жиыннан жақсы көңіл-қу алған аудан белсенділері көтеріңкі көңілмен тарқасты.

Арай НҰРЖАНҚЫЗЫ

◆ ZAMANDAS КӘСІПТЕН НӘСІП ТАЛҚАН КОНДИТЕР

Қазір еңбек етемін деген адамға кәсіптің сан алуан түрі бар. Екі қолға бір күрек табылады. Бастысы ниет пен төзімділік. Тозығы шыққан көк диванда жатып «қолымнан түк келмейді» деу жалқаудың ісі. Жан жағыңызға көз жүгіртсеңіз құмырсқа сияқты дәнін ұясына тасыған қалың жұртты көресіз. Әйтеуір құр жатқан жоқ. Әр адам өзінің қабілет-қарымына қарай бейімделіп, сүйікті кәсібін дөңгелетіп әлек. Сондай жанның бірі – Қарабұлақ ауылының тұрғыны, аудан жұртын тәтті порттармен қамтамасыз етіп отырған 32 жастағы кондитер, жеке кәсіпкер Айдана Дегдархан.



Кейіпкерміз 1989 жылы Ақсу ауданында дүниеге келген. 2010 жылы Ескелді жеріне келін болып түскен. Мамандығы бойынша – техник-технолог. 6 жыл Қазақтелекомда, 4 жыл аудандық почтада қызмет еткен Айдана 2021 жылы кәсіпкерлікке бет бұрған. Әдемі тағамға деген қызығушылығы 2019 жылы ояңған ару сол жылы «кондитер» мамандығына оқуға түседі. 2021 жылы оқуын аяқтап, сәуір айынан бастап тапсырыс қабылдай бастаған.

– Әр адамның жанына жақын мамандық болады ғой. Аспаздық – менің жаным қалайтын сүйікті кәсібім. Торт, тәттілер пісіре жүріп, ерекше шабыттанамын. Өзімді енді тапқандаймын. Ерекше махаббатпен жасалған тәттінің дәмі ерекше болатынына сенімдімін. Тұтынушыларым да дән риза. Ол көңіліме қуаныш сыйлайды. Сондықтан бұл мамандықты таңдағанымға еш өкінемеймін, - дейді жеке кәсіпкер.

Кез келген шаңырақтағы жиын, той, отырыс, туған күн тәтті торттарсыз өтпейді. Бетіне майша-мын қойып, қараңғы белмеді төрт үрлеу қазір сәнге айналды. Өсіресе бүлдіршіндер қауымы үшін бұл ерек дүние. Ата-аналар қауымы да жылына бір рет келетін перзентінің төл күні үшін аянып қалайды. Ертегі, мультфильм кейіпкерлерінің кеймінде сәнделген торттар сұранысқа ие. Дүкен сөрелерінен табылмайтын болғандықтан, әр ана арнайы шеберге тапсырыс береді. Дегенмен тұтынушының көңілінен шыққандары ғана, сұранысқа ие болатыны ақиқат. Кейіпкеріміздің бүгінде аудан бойынша тұрақты тұтынушылары да қалыптасып үлгерген. Оған дәлел 1 жыл көлемінде өз есінін тапқан 3000 торт.

– Айдананың торты тамаша, дәмі тіл үйреді. Немеремнің туған күніне тапсырыс бергенбіз, еш өкінбедік. Немерем «өрмекші адам» деген персонажды жақсы көреді. Сол өзі сүйетін кейіпкерімен жасалған торт немереме де қатты ұнады. Қазір әр баланың арманын орындауға болады, бастысы өз ісінің мамандарына жүзінә керек екен, - дейді аудан тұрғыны Күнсәуле әже.

Бүгінде инстаграм арқылы тапсырыс қабылдап жүрген кондитердің төрт пісіруді бастағанына небәрі бір жыл болған. Бір жылдың ішінде жеткен жетістігі де жоқ емес. Өзінің авторлық жобасы бар. Жобаның атауы да ерекше - «Сарай торты». Бірнеше қабаттан тұратын тәтті өнім талай жанның көзіне түсіп, көңілінен шыққан. Облыстың түкпір-түкпірінен той

иелері дәл осы ғажайып асқа тапсырыс береді екен. Дәл осы жобаның арқасында Айдана Дегдархан Атамекен кәсіпкерлер палатасынан грант та ұтып алған. Кәсіп иесі болашақта аудан орталығынан өзінің жеке кондитерлік дүкенін ашудан бөлек, бірнеше адамдарды жұмыспен қамтуды көздеп отыр.

– Сырт көзге кондитерлікпен айналысу оңай көрінгенімен, оның да өзіндік қиындықтары бар. Кондитерлік қоспалар, арнайы құрал-жабдықтар, безендіру заттары да арзан тұрмайды. Оларды кез келген дүкеннен ала алмайсың. Арнайы кондитерлік дүкеннен ғана табысың. Ол шығындардан бөлек өзінің еңбегің бар. Кейде тіпті таңғы 4-5-ке дейін ұйқысыз жүремің. Бағасы да соған байланысты болады. Тәтті тағамның келісі 2500 теңгеден басталады. Кондитерлік істе ең бастысы, жауапкершілік, шыдамдылық, ұқыптылық, тазалық, тұтынушымен дұрыс қарым-қатынас орнату үшін сыпайлық қажет. Кондитерлік салада бәсекелестік көп болғандықтан, ісін ұнамаса тұтынушы қайтып келмейді. Сол үшін барыңды саласың. Тортты дәмді жасай білу – бір өнер, оны безендіру – бір өнер. Тапсырыс берушілердің көңілінен шыға білу үшін әдемі декоры бар торт жасауға тырысамыз, - дейді Айдана.

Иә, әлем бойынша ең сұранысқа ие мамандық – аспаздық, Мейлі киім киіпмесін, мейлі шұлық жыртық болсын, бірақ адамның арқауы болған ас ешқашан сұраныстан түспейді. Заманға сай осы сала бойынша орта және шағын бизнес бастап жатқан жандар аз емес. Өлемжеліні аша қалсаңыз «тәттіге тапсырыс қабылдаймын» деген жарнамаға көз сүрнеді. Бұл сәйкесінше қоғамдағы жұмыссыздықтың санын азайтып, ел экономикасының артуына сеп болып жатыр деп қуанып та қаламыз. Сондай-ақ жұмыссыздықты желеу етіп, жұмысқа құлқы соқпайтын жандарға үлгі. Ендеше біз де өзгенің қуанышына тәттілері арқылы ортақтасып жүрген ауданымыздың кондитер маманына толағай табыс тілейміз.

А.ӘЛІМЖАНОВА.

◆ MEZGIL MÄSELESİ

СЫНЫҚШЫЛЫҚ «САРҒАЙЫП» БАРА МА?

Техниканың оза шауып тұрған дәуірінде көз келген дертті бір тетікті басып-ақ анықтауға болатын жағдайға жетті. Бір-екі тамшы қан тапсыру жеткілікті. «Бума-бума» дертіңіз атып шығады. Десек те көшегі ата-әжелеріміз сан алуан техникасыз-ақ сырқатынан айығып жүрді емес пе? Өздігінен емес, әрине, халық емшілеріне жүгінді. Тарихқа көз жүгіртсек атағы айға жетіп тұрған, Жетісу жерінің тумасы Құртқа тәуіп те ауыр науқастарды емдеп, күрделі оталар жасай білген. Баба жұрттың өмірінде тамыршылар мен емшілер жоғары бағаланды.

– Осыдан 3 жыл бұрын биік орындықтан құлап қолымды сындырдым. Сүйек үш жерден зақымданыпты. Иығым сынған, білектегі қос буын тайған. Бірден ауруханаға бардық. Алғашқы көмек жасалды, бірақ иыққа міндетті түрде ота жасау керек деп облыстық ауруханаға жіберді. Ота сәтті аяқталды, бірнеше күннен кейін ауруханадан шықтым. Білектегі қос буынды көрсетуге сынықшыға бардым. Қос бірдей сынықшыға көрсеттім, бірі – шамасы келмейтінін айтып шығарып салды. Бірі – салуға тырысты, бірақ содан кейін қайта дәрігерге жүгіндім, - дейді аудан тұрғыны Сәуле апа.

Сан тараптан сан пікір. Оң «бүйрегіңіз» дәрігер десе, сол «бүйрегіңіз» сынықшы дейді. Бұл – қалыпты құбылыс. Адамның жасын, денсаулық жағдайын, сырқатының ауырлығын ескеріп алған соң ғана шешім шығарғанымыз абзал.

– Былтыр жазда тобығым шығып кетті. Басында етім ауырып қалған шығар деген оймен мән бермедім. Кешке қарай

аяғымның қатты ісіп кеткенін көріп, үйдегілер алаңдап, бірден сынықшыға жеткізді. Сынықшы аяғымды ұзақ ұстап отырды да «тырс» еткізіп орнына сала қойды. Ертеңінде түк болмағандай шауып кеттім, - дейді аудан тұрғыны Жайнағұл ана.

Бұрындары әр ауылдың өзінің сынықшысы болса, бүгінде бір ауданның өзінен бір сынықшыны табу қиындап барады. Біз де қолыңыз қасиеті бар жанды аудандағы қариялардан сұрап жүріп өрең таптық. Өмір бойы салауатты өмір салтын уағыздап келе жатқан 76 жастағы Алтынай Рүстемова Алдабергенов ауылының тұрғыны. Ол сынықты ұстап салады, сүйегі сынған адамның жас ерекшелігін, денсаулығын ескереді.

– Сынықшылықты 60 жасымда бастадым. Немерем аулада ойнап жүріп аяғын ауырытып алыпты. Қолыма бірден шығып кеткені сезілді. Май жағып, ұзақ сипап отырдым. Дайын болды ау дегенде сарт еткізіп орнына салдым. Содан бастап

ақырындап қолын, аяғын шығарып алған мектеп оқушылары келе бастады. Жыл өткен сайын келушілердің саны артты. Тіпті Алматы қаласынан іздеп келгендер болды. Бірақ мен үлкен сынықтарды салмаймын, сынықтың кез келген түрі қолға білініп тұрады. Бірден рентгенге бару керек деп айтамын, - дейді Алтынай Рүстемова.

Алтынай әже қолының «қасиетін» нәсіп етуге пайдаланудан аулақ. «Ауруға шипам тисе, алғысын алсам болғаны» – деген тілекпен ғана ел жұртқа шипасын шашып келеді. Қасиетті қарт жайлы кімнен сұрасаң да, осындай ой айтады, қайырымдылығы мен кісілігін сөзге тиек етеді. Мұның өзі де кішіпейілділіктің, адами имандылықтың белгісі. Сынықшыларға деген медицина мамандарының көзқарасы қандай? Сұрағымызға жауап алу мақсатында аудандық аурухананың травматолог дәрігері Айбек Нұрлановпен тілдестік.

– Сынықшыларға деген көзқарасым дұрыс, өзімнің арғы аталарым да сынықшы болған. Шет жағасын көріп, естіп өстім. Дәрігердің де, сынықшының да мақсаты – науқастарға көмек беру. Бірақ кез келген сүйек зақымын дәрігерге көрсеткен абзал. Себебі, медицинада рентгенологиялық, компьютерлік томография, МРТ, цитологиялық, гистологиялық тексерулер бар. Сынықтың түрлері көп. Оны алдымен ажыратып, анықтап алу керек, - дейді дәрігер.

Ақ халатты абзал жанның алдына барып тұрып сыныққа қатысты ақпарат алмай кете алмадық. Сыныққа не себеп болады? Оның неше түрі бар, жазылуы қанша уақыт? Сынықты емдеудің қанша қадамы бар? Ең жаманы, неге сынған сүйектер жаңбырлы күндері, түнде сырқырап ауырады?

– Сынықтар көбіне сүйекті сүйек ұстай алатын күштен көп күш түскенде пайда болады. Сынық ашық және жабық деп екіге бөлінеді. Ығысқан немесе ығыспаған деп атаймыз. Бізге көбіне ығысқан сынықтар

жолы «жіңішкеріп» кетті, бірақ әлі үзілген жоқ. Себебі кешенің көзін көрген аға буын өкілдері балтыры сыздаса да халық емшісіне жүгінді. Аурухана жағалау, дәрігерге жүгіну дегенге көзқарастары басқаша. Жағдайы нашарлап, амалы таусылғанда ғана дәрігердің есігін қағатын отандастарымыз жоқ емес.

Табиғаттың тылсым құпиялары, адам бойындағы ерекше қасиеттің қайнар кезі толық ашылып болған емес. Кеңес кезінде дін мен тілге, халықтық медицина жетістіктеріне ескінің қалдығы деп қарадық. Ақ жаулықты әжелеріміздің неге дәрігерге емес келесі көшедегі емші атаға баратынын ұқпай әлек те болдық. Созбақтап қайтейін, бүгінгі әңгіме сынықшылық жайлы...

Барымта, ұрыс-қақтығыстарда, ат шабыстарында, көкпар ойыны және қазақ тұрмысына тән басқа да жағдайларда сынған, шыққан сүйекті салуға машықтанғандарды сынықшы деп атаған. Қазақ сынықшылары туралы орыс зерттеушілері А.Левшин, А.Ягмин, Н.Зеланд, А.Алекторов, В.Ненецкий қанмен бітетін құдіретті қасиетке таңқалып жазған. Көкейде жүрен көкейтесті мың сұрақ бар. Жаратылыстың құдіретімен табиғи бойға біткен өзгеше қасиетті кісілер бүгін де бар ма? Асылдардың сынығы сиреп кетпеуіне кім кепіл? Сынықшылық сарғайып бара ма? Сіз, замандас, қолыңыз сынса кімге жүгінуді құп көресіз? Сынықшыға ма? Травматологқа ма?



А.БЕКЗАДА

ЕҢБЕГІ ЕРГЕ БЕРГІСІЗ АЯУЛЫЛАР

ILTIPAT Қазақ халқымыз әйел затын қашанда сұлулықтың символына балаған. Бір қолымен әлемді, бір қолымен бесікті тербеген нәзік жандылар үнемі ақынның қаламынан, суретшінің парағынан, азаматтың жүрегінен түспеген. Талай туындыға арқау болған әйелдер қауымының төл мерекесі шуағын шашқан көктеммен бірге келеді. Айтпақшы, «Әлемді құтқарады» деген тіркес сұлулықты ғана сипаттап тұрған жоқ, әйелдің атқарған қызметін, қоғамдағы алатын орнын, отбасындағы рөлін де бір сөзге сыйдырғандай. Ұлы Отан соғысы жылдары тылда қызмет еткен әйелдер қара нардың жүгін көтергені бүгінгі ұрпаққа мәлім. Кешегі аналарымыздың еңбекке араласуы, ерлердің еншісіндегі шаруаны қалтқысыз орындауы, соғысқа кеткен азаматты жоқтап, отбасына таудау тірек болуы әйелдер қауымының қолынан келмейтін істің жоғын дәлелдеп кетті.

Бүгінгі арулардың бойындағы сол тәрбие, сол тәлім, қанмен сіңген сол – дара қасиет өз жемісін үнемі көрсетіп келеді. Қырық шырақты арудың бойында қырық қасиет бар. Бірі – ұстаз, бірі – дәрігер, бірі – кәсіпкер, бірі – полиция қызметкері, бірі – такси жүргізушісі, бірі – айшылық алыс жерлерден келген бума-бума хатты үйді-үйге сабыла таситын пошташы. Иә бұл мамандықтарды бекер тілге тиек еткенім жоқ, бүгінгі өңімем батпаны биік шаруаны атқарып жүрген аудандағы нәзік жандылар жайлы болмақ. Әйелдер қоғамның бар саласында еңбек етеді. Десек те ерлердің өзіне ауыр тиетін салалар аз емес. Оның бірі ер-азаматқа енші болған – құқық қорғау саласы.



Нәзік иықтарымен ауыр салмақты арқалаған нем аудан жұртының тыныш ұйқысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ауыр жүгін арқалап жүрген батыл жеректі қарлығыш, аудандық полиция

бөлімінің штаб аға инспекторы, полиция майоры Маншүк Ниязова. Ішкі істер қызметі – ауыр жол, салмақты міндет. Ыстығы мен суығына түсіп, темірдей тәртіпке көніп, оған қоса отбасы мен қызметті қоса алып жүру екінің бірінің қолынан келмес. Кейіпкеріміз Қаратал ауданында дүниеге келген. Заңгер мамандығын тәмамдаған соң 2006 жылы Ескелді ауданы полиция бөліміне жұмысқа орналасқан.

– Алғаш рет қызметімді аудандық полиция бөлімінде кемелет жасқа толмағандардың істері жөніндегі уәкілетті полиция инспекторы ретінде бастадым. Осы салада отағасымен кезіктірімі, яғни өзімнің әріптесіме тұрмысқа шықтым. 2009-жылдан бері штаб аға инспекторы қызметін атқарып келемін. Қазақ қыздары намыстан жаралған. Тарих беттерін парақтасаңыз да дәлел жеткілікті. Олар басқа елдің күні болып кетпеген, ары мен намысын жоғары қойып, ерінің, елінің амандығын тілеген. Басқаша болуы мүмкін емес. Қызметім тәртіпке, тәртіпті әулидеуі сыйлауға үйретті. Тәртіп сақшысы қашан да сақ жүріп, епті де жылдам қимылдайды ғой. Бұл да маған қызметтен енген қасиет болды. Қызмет пен отбасыға бірдей уақыт жетпей жатады. Бірақ отбасындағы аналық рөлді ешқашан төмендеткен емеспін. Ерекше мерекеді нәзік жандыларға «батылдық пен нәзіктікті» ұштастыра біліңіздер демекпін, - дейді Маншүк Ниязова. Үш бірдей перзентті өмірге әкелген сақшылар отбасы қызметте де, отбасында да жұптары ажырамаған, жарасты жанұя. Екеуі бірі білгенін екіншісіне үйретіп, отбасы болып шыңдалып, қызметтің ыстық-суығын тең өткеріп келе жатқан жандар.



Бүгінде ешбір саланы әйелсіз елестету мүмкін емес. Нәзікжанды жүрген жерде тынақтылық та бар, жауапкершілік те жеткілікті, жылылық та сезіледі. Такси тоқтатқан кезде, ер азамат тоқтаса, қалыпты құбылыс ретінде қабылдап, аяулы ару

тоқтаса, қауіпсіздігіміз үшін алаңдайтынымыз өтірік емес. Темір тұлпардың тізгінін қолына алып, аудандық «Қарабұлақ такси» таксопаркте такси жүргізушісі болып жүрген кейіпкеріміз – Асель Боржикова. Көлікті тізгіндеген ару киелі Ескелді жерінде, 1980 жылы дүниеге келген. Мекенінде тұрмыс құрып, ел-жұртына қызмет етуге кіріскен.

– 2008 жылдан бері көлік тізгініне отырдым. 2011 жылы жолдасым екеуміз аудан орталығында таксопарк аштық. Содан бері такси қызметіндеміз. Рөлде әйел адам отыр екен деп қызмет барысында бізге ешкім дерексіз танытқан емес, керісінше құрмет көрсетіп, сыйлап жатады. Қазір мынау әйелдің, мынау еркектің жұмысы деп бөліп-жарып жататын заман емес. Екі қолға күрек табылса, шама келсе істеме керек. Бастысы отбасым риза, балаларым тоқ. Әйел бақыты – жанұяда, - дейді кейіпкер.

Кейіпкеріміз үш баланың анасы, берекелі әулеттің келіні. Өзінің мінсіз міндетіне де, аяулы отбасына да үлгереді. Нәзік жандылардың нардың жүгіндегі ауырлықты көтере алатынына таксист ана да дәлел. Әр саланың қиындығы мен қызығы бар.



Сақшы дедік, такси тізгіндеген әйел дедік, ауылдағы акушер маманға тоқталмай кете алмадық. Байысов тұрғындарының негізгі еңбек көзі мал шаруашылығы. Төрт түлігін түлетіп отырған шаруалар егінге де бейімделіп келеді. Аудан орталығы да, облыс орталығы да ауылға алыс емес болғандықтан сол жаққа қатынап жұмыс істейтін жандар да аз емес. Ауыл тұрғындарына сонау 2003 жылдан бері қызмет көрсетіп келе жатқан Жанат Базилованың еңбегіне елі дән риза. Талдықорғандағы медициналық колледжді 1998 жылы тәмамдап, еңбек жолын Ескелді аудандық ауруханасында мейірбикелік қызметтен бастаған ол кейіннен Байысов ауылына мектеп балабақша ретінде ауысқан. Тәжірибесі толысқан маман 2011 жылдан бастап ауылдың фельдшерлық пунктінде

акушер болып қызмет атқарып келеді.

– Қаша жерден акушер болғаныммен мен ауыл тұрғындары үшін әмбебап маманмын. Баласы ауырса да, қарты сырқаттанса да ел-жұрт маған келеді. Аядай ғана ауыл болған соң сырқаттанған жанға күн демей, түн демей көмек көрсету керек болады. Кейде аудан орталығына жиналыққа баратын болсам ем қабылдайтын тұрғындарға дәрі-дәрмегін ертерек беріп, уақытылы қадағалау жасауға тырысамын. Ауыл тұрғындарымен бір отбасыдай болып кеттік. Бұрынғылардан қалған сөз бар ғой, «Жас кезінде бейнет бер, қартайғанда зейнет бер» деген. Менің ұстанымым сол. Жақсылығың көп болса – көрер зейнетің сол. Маған осыдан артық қандай марапат керек, - дейді Жанат Базилова.

Қақаған қыста да, аптап ыстықта да, сіркіреген жаңбырлы күні де өз міндетін мінсіз орындайтын маман иесі бар. Ол – пошташы. Бала күнімізден пошташыны көріп өстік. Ескі велосипедке мініп, көк дорбасын көтеріп, үнемі үй-үйдің қақпасын қағып жүретін. Солардың бірі де бірегейі, машақаты көп шаруаны игеріп жүрген Шымыр ауылындағы Қазпочта бөлімінің пошташыаманы Шолпан Диханбаева.

– Еңбек – жақсы немесе жаман деп бөлінбейді. Әр күніміз әртүрлі өтеді. Кейде – қауырт, кейде – тыныш. Ол поштаға



келіп түскен хаттар мен тапсырыстардың көлеміне байланысты. Газет шығатын күні жұмыс көп болады. Арнайы тапсырыспен келген хаттарды иесіне табыстап, қол қойдырып алу керек, олар үйінде болмаса бірнеше рет баруға тура келеді. Ол да көп уақыт алады. Таңнан кешке дейін жүрген соң күн ұясына құлағанда аяғың да ауырады, шаршайсың. Бірақ жұмыстың аты жұмыс, - дейді Шолпан Диханбаева. Әйел – ана, ол үйдің шырақшысы, ұрпақ жалғастырушы. Кейіпкерлеріміз де бір әулеттің келіні, асыл жар, ұл-қыз тәрбиелеп, тәлім берген ана. Түйіндей айтқанда, осы ханымдар секілді ауданда өз саласына шынайы берілген нәзік жандылар аз емес. Әр іске білек сыбана кірісіп, үздік нәтиже көрсетпейінше тыным таппайтын ауданымыздың нәзік жанды аруларына бөлінер ілтипат та, көрсетер құрмет те ерек.

А.СЫПАТАЙ

ОҚУШЫ ТҰЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН БАСТАМА



Дебат – оқушыларды көшбасшылыққа баулуың бір жолы. Ел ертеңі болатын оқушылардың, өз ойын ашық білдіріп, еркін сөйлеуі маңызды. Оларға қоғамдық-әлеуметтік маңызды мәселелерді талдап, түсіне алу қабілеті қажет. Пікірсайыс оқушыларымызды ұтқыр ойлы, саяси сауатты болуға баулиды. Жеке тұлғаның танымын кеңейтеді. Дебат – тәртіп пен тәрбиенің, сыйластықтың ортасы. Ойында сөз жарыстыра отырып, қарсыласқа ұтымды жауап қайтару, өзіндік идеяны қорғап шығу үлкен шеберлік.

Ауданымыздың негізгі, орта мектептерінде «Ұшқыр ой алаңы»

дебаттық клубы қазақ, орыс, ағылшын тілінде жүргізілуде. Бүгінде, бұл ортада шыңдалып, үлкен жетістіктерге жетіп отырған оқушыларымыз да аз емес. Пікірсайыс орталығы тәртіп пен тәрбие, рухани құндылықтар арқылы ерекшеленеді. Дебатқа деген қызығушылықты арттыру мақсатында 2021-2022 оқу жылында аудан мектептерінің оқушылары арасында «Елбасы – ел тірегі», «Менің азаматтық көзқарасым», «Рухани жаңғыру-жастарға тағылым», «Ұшқыр ой алаңы» пікірсайыс турнирі өтті. Әр мектепте «Ұшқыр ой алаңы» дебаттық клубында атқарылып отырған жұмыстардың алатын орны ерекше.

Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі

ОТЫРҒАН ҚЫЗ ОРНЫН ҚАШАН ТАБАДЫ НЕМЕСЕ КӘРІ ҚЫЗДАР КӨБЕЙІП БАРАДЫ

Отбасын құруға асықпай жүрген нәзікжандылардың намысына тиіп кетуден аулақпыз. Алайда қоғамда дендеп бара жатқан қайшылық бар. Ол кәрі қыздардың қаптағаны. Кемсіту емес, демографияны ойлағандықтан мәселені көтеріп отырмыз. Қай мемлекетті алсаңыз да, айшықтылығы халық санымен өлшенеді. Жерінің кеңдігі не керек, тұрақтайтын тұрғын болмаса. Бүгінгі қыз – ертеңгі ана. Қыз баланың өмірге келгендегі ең басты миссиясы – ана атану. Әңгіменің төркіні, баяғы жартасқа, көрі қызға тіреледі. Алдымен тоқталып кетейікші, көрі қыз деген кім? Ол тұрмыс құрмаған, ажырасқанның қатарында емес, көзіргі заманда 25 пен 50 жас аралығындағы сұр бойдақ нәзікжандылар нем көтерілмеген шаңырақ, ашылмаған гүл, тұмаған сәби, басқа тартылмаған ақ жаулық.

Ресми деректер бойынша, елімізде жоғары білімді қыз көп. Сондай-ақ, қыздардың саны ірі қалаларда басым болса, өндірістік қалалар мен ауылдарда жігіттердің қарасы қалың екен. Ғылым мен білімнің соңында жүріп, уақыттың қалай тез өтіп кеткенін байқамай қалған жастар да жетерлік. Солардың бірі – аудан тұрғыны, педагог маман Жанна Нұрова.

–25 жасқа жеткенше өзім тұрмыс құрғым келмеді. Мансап құрып, білім іздеп, талқан табысымды ата-анам беріп көмектестім. Ал 25 пен 30-дың арасындағы уақыттың қалай өтіп кеткенін білмеймін. Жұмыс, жұмыс, таңның атпсы, күннің батысы жұмыс деп жүрдім. 25 жастан асқан соң жігіттерге деген сенім азаяды екен. Сөз салған азаматтар болды, өрине, бірақ кейбірі мен үшін жалқау, тіпті арасында менің жеке басым емес қызметіме, табысыма, кәлігіме қызығатын сияқты көрінді. Соларды саралап жүріп 35-ке келіп қалдым. Ал қазір тұрмысқа шыққым келсе де мүмкіндік өте аз. Себебі, менің қатарымдағы басы бос жігіт жоқ. Бар, бірақ олар ажырасқандар. Ал мен жарымның өзім секілді бұрын шаңырақ көтермегенін қалаймын, - дейді Жанна Нұрова.

Жалғызбастыларға ортақ бір уәж бар, ол – әлеуметтік жағдай. Бойжеткен қыз мектеп бітіріп жоғарғы оқу орнына түседі. Жалақысы жоғары жұмысқа орналасады, жұмыс істеп жүріп, әуелі үй алады, сосын көлік мінеді. Өрине, мұны орынсыз дей алмаймыз. Десек те тұрмысты түзетуге талпынып жүргенде жүйрік уақыттың қалай зулап өте шыққаны байқалмай да қалады. Ақ некелі жарымен бірге жүріп жеткен жетістіктің дәмі өзгеше болмақ. Енді, өткенге көз тастап көрсек, кешегі Спандияр Көбеевтің «Қалың мал»

романының бас кейіпкері Ғайша да әкесі 15 жасында тұрмысқа бермек болды. Қазақтың дара ақыны Абайдың бәйбішесі Ділде да 15 жасында тұрмыс құрған. Айтарымыз ерте тұрмыс құру емес, бұрындары қыз бала оң жақта отырып қалмас үшін тым ерте қамданған. Осыдан 60 жыл бұрын бір шаңыраққа келін болып түскен арулар бүгінде еже атанып, кем дегенде бес балаға жарық сыйлады. Осындай үлгілі қарт аналар ауданда жетерлік. Соның бірі Гүлбар әже.

– 16 жастан асқанда тұрмысқа шықтым. Жұбайым жетім еді. Отбасын құрып, еншімді алдық та бірден жайлауға малдың артынан кеттік. Құдайдың бергені болар 7 құрсақ көтердім. Бірақ жайлаудың тірлігін білесіз отар-отар мал бағу, жаңбырлатып өзен-көлден өту деген сияқты. Қыстауда жүргенде тіпті, қырағылық қажет болды. Бір малға аю шабады, бір малға ит-құс түседі. Соның бәрінен өттік. Шалғайдан отын тәріп тасыдым, шелек-шелек су көтердік. Содан болар екі бірдей құрсақ тастадым. 5 баланы аман есен өмірге алып келдім. Бәрі отбасылы, қазір олардан 10 немере, 9 шөбере сүйіп отырмын. Шынын айтқанда, мен – бақытты анамын, сүйікті әжемін. Менің өзімнен кейінгі келіндерге, қыздарға айтарым, келбетімді сақтаймын немесе жұмыс бастымын деп перзенттің санын шектемендер. Бір қозы туса, бір жусан артық еседі деген бар. Әр баланың өз несібесі. Бірақ денсаулыққа ұқыптылықпен қарау керек. Оң жақта отыруды құл көрмеймін. Кешегі қыздар күйеуді көшеге шығып өзі іздеді дейсіз бе, өрине жеңелері «жеңгетайлық» жасады. Отырған қыз орнын таппайды, ақылы жеңгетайы болмаса, - дейді Гүлбар әже. Оң жақта отырып қалған қыздардың саны демограф Мақаш Тәтімөвтің есептеуі бой-

ынша елімізде 350 мыңға жетіп қалғанын айтқан. Яғни жыл сайын «көрі» қыздар қатары көбейіп барады деген сөз. Мұны қауіпті құбылысқа балап отырған мамандар «соңғы жылдары отбасын құрған арулардың қатары алты есеге дейін төмендеп кетті» деп дабыл қағуда. Дабылды қақсақта, қақпасақта таңдау әр адамның өзінде. Мәселені бірнеше тұсы



бар. Маман тоқталып кетсін. – Мойындау керек, әйел затының өте табыскер, іскер бірақ тұрмыс құрмағанын білсек біз оны бірден кінәлап тастаймыз. «Мынаны қарашы, мынау әйел сияқты үйде отырмай ма? Ер адамдардың арасында еркектің тірлігін істеп жүр. Ақша бала бола ма?» - деп. Өзгені жеке шекарасына неге өтіп кетеміз? Айнаның екі жағы бар. Психологиялық тұрғыдан алар болсақ, 30-ға келсе де тұрмыс құрмаудың басты себебі – отбасылық жауапкершіліктен қашу. Яғни, келін

болу, балалы болу сынды жауапты іске мойынсұну қиын. Бойдақ жүрген адам өзін еркін сезінеді, балам жылады, кешкі ас, уй шаруасы, жуылмаған кесе, балабақша деп асықпайды. Шын мәнісінде бұл уақытша құбылыс. Жалпы 30-дан асып, отбасы құрмаған адамдар – сырттай бақытты



болып көрінгенімен жан күйзелісіне ұшырағандар. Табиғат заңы бойынша еркек те, әйел де жалғыз болмауы тиіс. Оны тұтастық дейді. Ал материалдық жағдайға байланысты отбасын құрмау ол ойы жетілген адамның қылығы. Ақыл тоқтатқан адам ғана ертең қаржы жетпесе қиналамыз деп ойлайды. 25-30 жаста психологиялық толысудан кейін тұрмысқа шығу өте қиын. Бұрынғы «үйленіп алсақ, бәрін бірге көреміз» деген стереотип 20-жастағы қыздың ойында ғана бар. 0 жаста ол мүмкін еместей

А.БЕКЗАДА


◆ TŪMSA TARİH

Н.Алдабергенов атындағы мемориалды музейі елімізде төтенше жағдай енгізілгеніне байланысты шаралардың барлығын онлайн түрде әлеуметтік желілер арқылы көпшілік назарына ұсынылып келді. Мұражай қызметкерлері ата-бабаларымыздың асқақ рухын баяндап, Жетісу жерінің тарих тағылымын кейінгі жас ұрпаққа танытуда аянып жүрген жоқ. Бүгінде көпшілікті өлке тарихымен таныстыру, ел тарихын насихаттау мақсатында мәдени тегімзді танытатын жауһар жәдігерлерімізді насихаттап, тарихын халыққа көрсету мақсатында «Бір экспонат сыры» айдарында екі мәрте еңбек ері Нұрмолда Алдабергеновтың 1930 жылы түскен суреті мен қолжазба өмірбаянының тарихын ұсынамыз. Бұл жәдігер тарихқа айналған, кеңестік бірінші бесжылдықтың алып құрылысы Түркісіб темір жол торабымен байланысты.

1926 жылы 3-желтоқсанда КСРО Еңбек және қорғаныс комитеті Түркістан-Сібір темір жолын салу туралы арнайы қаулы қабылдап, 1927 жылдың көктемінен бастап Түркісіб темір жол құрылысы басталды. Бұл құрылысқа Кеңес елінің түкпір-түкпірінен жұмысшылар қабылданды. Осы жылы жалшылықта жүрген Н.Алдабергенов темір жол құрылысына аттанды. Темір жол жұмысына қол-аяғы балғадай, тепсе темір үзетін, күш-қайраттары мықты жігіттерді ғана қабылданған екен. Н.Алдабергенов бұл сыннан сүрінбей өтіпті. Ұлт деп туған ұлы азамат шойын жол құрылысында кетпенші, жер қазушы, қазған топырақтарды, тастарды арбаға салып, тартып, болашақ темір жолдың сөресіне үйіп-төгуші болып жұмыс атқарды.

1930 жылы 28-сәуірде Түркісіб темір жолының түйсінуіне байланысты Айнабұлақта өткен салтанатты жиында Халық Комиссарлар Кеңесі жанындағы шойын жол құрылысына көмек беру комитетін басқарған Тұрар Рысқұловты көреді. Қазақтың нарқасқа азаматының сөзі жас Нұрмолдаға қатты әсер етіп, еңбек ету биік белеске жеткізетінін түсінеді. Жиын барысында Тұрар Рысқұлов жұмысшыларды айтулы үлкен табыстарымен құттықтап, еңбек озаттарына сый-

ЖӘДІГЕР ТАРИХЫ



-сияпат табыстайды. Жұмысшылар қатарынан Н.Алдабергенов те сыйлыққа ие болады. Салтанатты жиын соңында фототілшілер еңбек озаты атанған Н.Алдабергеновты естелікке суретке түсіреді. Бұл сурет қазіргі таңда музейдің «Түркісіб теміржолы құрылысы» залындағы экспозициясында орналасқан.

Н.Алдабергенов 1927 жылы теміржол бойында жұмыс істеп жүрген кезінде латын әліпби қарпімен сауат ашу мектебінде оқыды. Сол мектепте елдің ардақты ұлы қатарынан бұрын қара таниды. Назарларыңызға 1940 жылы Н.Алдабергенов өз қолымен жазылған өмірбаянын ұсынамыз. Онда:

«Мен, Алдабергенов Нұрмолда 1906 жылы туылды. Содан әжемнің қарауында 1920 жылға дейін болдым. 1922 жылдан

1927 жылға дейін байлардың қарауында Матайда болдым. 1927 жылдан Малайсары Жаламан станциясында қара жұмысшы болып істедім, 1929 жылға дейін. 1929 жылдан бастап 1933 жылға дейін колхозшы болып істедім, 1933 жылдан 1935 жылға дейін бригадир болдым. 1936 ж IV айына дейін завхоз болып істедім. 1936ж/IV дан күні, бүгінге дейін колхоз бастығы болып істеймін. Октябр төңкерісінен бұрын диқаншы болдым. Шетелде туған туысқаным жоқ. Өзім сотта болғаным жоқ.» - деп жазылған.

Бұл қолжазбаның түпнұсқасын 1988 жылы Мемлекеттік архив құнды жәдігер ретінде Н.Алдабергеновтың мемориалды музей қорына тапсырды.

◆ QAZYNA

ТӘЖІРИБЕ АЛАҢЫНА АЙНАЛДЫ



Еліміздің үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы негізінде мектептің тәрбие жұмысының басым бағыттарының бірі - құқықтық тәрбие. Осыған орай аудан мектептері директорларының тәрбие ісі-жөніндегі орынбасарлары арасында іс-тәжірибе алмасу мақсатында Білім бөлімінің сектор меңгерушісі Ш.Жаканова және тәрбие бөлімінің әдіскері М.Чимчикова ұйымдастыруымен құқық айлығына орай семинар өтуде.

Жуырда «Баланың заңды құқықтары мен міндеттері» тақырыбында Мелькомбинат негізгі орта мектебінде аудандық іс-тәжірибе алмасу семинары өтті. Жиынның мақсаты - аудан бойынша мектеп директорларының тәрбие ісі-жөніндегі орынбасарларымен негізгі мектептер арасында «Баланың заңды құқықтары мен міндеттері» тақырыбы аясында іс-тәжірибе алмасу.

Келелі жиында Мелькомбинат орта мектебі директорының тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары А.Бектемисова мен мектеп психологі С.Касенова бірлесе отырып «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында коучинг және психологиялық тренинг ұйымдастырды. Шара қонақтар мен қатысушыларға жағымды көңіл күй сыйлады. Семинарда тәрбие сағаттары да өтті. Білікті ұстаз А.Байғалиев «Smart generation» тақырыбындағы тәрбие сағатында қазіргі заман жастарының пікір білдіру, ой бөлісу жайын сараптаса, кіші сыныптар арасында мектеп мұғалімі А.Нұрбекова «Менің құқығым және міндеттерім» тақырыбында жүйелі дәріс оқыды.

◆ JADYNAMA

700-ДЕН АСТАМ ЖЕКЕ КЛИНИКА ТМҚКК ЖӘНЕ МӘМС ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТЕДІ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры 2022 жылы 1389 медициналық ұйыммен медициналық қызмет көрсетуге шарт жасасты. Оның жартысынан көбі – жеке меншік ұйымдар. Биыл халыққа медициналық қызметтерді қаржыландыруға 2 трлн. теңге қарастырылған, мұның ішінде 838 млрд. теңге МӘМС жүйесінде бағытталады.



Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында атап өтілгендей, МӘМС жүйесі «пациент қай жерге қаралса, ақысы сонда аударылады», қағидаты бойынша жұмыс істейді.

Пациенттің қандай да бір тексерулерден өту кезінде Қордың медициналық қызмет жеткізушілері тізбесінен медициналық ұйымды таңдауға құқығы бар. Ол үшін учаскелік дәрігердің немесе өз емханасының тар бейінді маманының жолдамасы болуы қажет.

Қажетті медициналық қызметті алу үшін Қормен осы қызметтерді көрсетуге шарт жасасқан клиникалардың кез келгенін таңдауға болады. Қордың медициналық қызмет жеткізушілері арасында жеке клиникалар үлесі басым екенін атап өткізіп келеді – 717 медициналық ұйым. Бұл Қордың барлық қызмет жеткізушінің 50 пайыздан астамы. Азаматтар мамандардың қонсультацияларына алуға, диагностикалық процедуралардан, оның ішінде жеке медициналық ұйымдарда ақысыз, медициналық сақтандыру шеңберінде

учаскелік дәрігердің жолдамасы бойынша мүмкіндігі бар. Науқастардың алған қызметтері үшін төлемді Қор жүргізеді, – деп Қордың Басқарма Төрағасының орынбасары Ілияс Мұхамеджан атап өтті.

Сондай-ақ, Қорда тіркелген жері бойынша емханада қызмет көрсету мүмкіндігі болмаған жағдайда дәрігер осы қызметтерді көрсетуге бірлесіп орындау шарты жасалған басқа медициналық ұйымға жолдама беруі тиіс екенін түсіндірді. Немесе пациент осы қызметті көрсететін Қордың жеткізушілері ішінен медициналық ұйымды өзі таңдай алады. Онда учаскелік дәрігерден жолдама ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйелерінде автоматты түрде бірлесіп орындау шартын қалыптастыру үшін негіз болып табылады.

Қазіргі уақытта 1 389 медициналық ұйым ТМҚКК және МӘМС бойынша медициналық қызметтер көрсетуге Қордың тікелей жеткізушілері болып табылады. Ең көп тіркелген медициналық қызмет жеткізушілері амбулаториялық жағдайда

консультациялық - диагностикалық көмек, медициналық оңалту, мамандандырылған стационарды алмастыратын көмек, алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету бойынша екендігін атап өткен жөн.

Қордың fms.kz сайтында «Пациент үшін» деген бөлімде «Емхананы таңдау» деген кіші бөлімде ТМҚКК және МӘМС медициналық көмек көрсетушілерінің тізбесі келесі сілтеме бойынша орналастырылған: <https://fms.kz/kontaktная-informatsia/vybrat-kliniku/>. Тізімдерде Сіз өзіңіздің тұратын облысыңызды немесе аймағыңызды, содан кейін медициналық көмек түрін таңдауыңыз керек. Сондай-ақ, мұнда ЭҚ, медициналық оңалту қызметтеріне жеткізушілер тізбелері, қажетті уақытта жаңартылып отыратын бірлескен орындаушылардың тізбелері жарияланады.

Консультациялық - диагностикалық қызметтерге өнім берушілердің тізбесі - стоматология, рентгенография, ПТР-тестілеу, КТ және МРТ келесі сілтеме бойынша орналастырылған: <https://fms.kz/zakupki/postavshchiki-kdu-uslug/>.

Егер сізде медициналық көмектің сапасы мен уақтылы көрсету бойынша сұрақтар туындаса, сіз емхананың Пациенттерді қолдау және Ішкі аудит қызметіне немесе сізге ыңғайлы келесі байланыс арнасы бойынша Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жүгіне аласыз: **fms.kz ресми сайты, 1406 байланыс орталығы, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы және Telegram-дағы SaqtanduryBot.**

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Алматы облысы бойынша филиалы

◆ PROFILAKTIKA

ОСТОРОЖНО, ЧЕСОТКА!



Чесотка – чрезвычайно заразное паразитарное заболевание, причиной которого является чесоточный клещ.

Заражение происходит в случае длительного телесного контакта с кожей заболевшего. Чаще всего это случается в тесных коллективах: детские сады, общежития, больничные палаты, армейские казармы и т.д. Крайне высок риск заражения внутри семьи.

Основными путями заражения чесоткой является: контакт с кожей больного, который возможен: при некоторых видах спорта, у детей во время игры, во время сна в одной постели, при частых и длительных рукопожатиях, через личные вещи заболевшего: постельное белье, полотенце, одежда и т.д. Такой путь заражения бывает крайне редко, т.к. клещи неустойчивы во внешней среде.

Процесс заражения заключается в переносе женских особей и личинок от больного человека к здоровому. Мужские особи заразными не являются и нужны только для оплодотворения. Также заражение может произойти через больных домашних или бродячих животных, с которыми человек имел контакт. Это могут быть кошки, собаки, овцы, коровы.

Основным признаком этой болезни является папуловезикулезная сыпь, которая чаще всего появляется на руках, особенно межпальцевых перепонках, кожных складках кистей, локтей или колен, груди или плечах. Заражение часто вызывает острый зуд по всему телу, особенно ночью. Расчесывание зудящих участков ведет к образованию язв, которые могут быть инфицированы бактериями.

Для того чтобы избежать заражения паразитами, следует придерживаться нескольких правил:

- Как можно чаще мойте руки и принимайте душ, особенно перед тем, как лечь спать;
- Меняйте свое постельное белье минимум раз в неделю и никогда не используйте чужое;
- Регулярно стригите и чистите ногти;
- Наволочки, простыни, пододеяльники всегда стоит проглаживать горячим утюгом с функцией пара;
- Старайтесь избегать здороваться за руку. Если все-таки это необходимо делать, то используйте после рукопожатий влажные салфетки;
- Используйте только личные средства гигиены. Это мыло, мочалка, расческа, полотенце, зубная щетка и т.п.;
- Своевременно меняйте нательное белье;
- Если в доме больной, то первичной профилактикой будет стирка своей одежды в горячей воде. Также белье следует прокипятить;
- Носите только свою обувь;
- Регулярно делайте влажную уборку в жилых помещениях;
- Всегда будьте осторожны в общественных заведениях, так как: бассейны, бани, сауны;
- Для взрослых и молодых людей на первом месте должна быть разборчивость в выборе половых партнеров.

Перечисленные выше методы профилактики чесотки необходимо соблюдать и после перенесенной болезни.

Чесотка – заболевание заразное и широко распространено, но при своевременном проведении всех мероприятий по лечению, профилактике и дезинфекции прогноз благоприятный – излечение наступает в 100% случаев. Будьте внимательны к себе и близким!

Е. СЕЙСЕМБИНОВ,
руководитель районного УСЭК

Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс жариялау туралы хабарлама

Объявления конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства

Алматы облысы, Ескелді аудан әкімдігі, (040500 Алматы облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы Оразбеков көшесі, 67), тізімде көрсетілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін кестедегі лоттарға сәйкес, конкурс өткізілетіні туралы хабарлайды:

Конкурсқа ҚР Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20-желтоқсандағы №518 бұйрығында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін ауыл шаруашылығымен айналысатын барлық тұлға жіберіледі.

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді қабылдау, газет бетіне жарияланғанан соң 30 күннен кейін, яғни 4 сәуірден 22 сәуірге дейін қабылданады.

Ауыл шаруашылығымен айналысатын тұлғалар конкурсқа қатысуға қажетті құжаттама тізбелерін **2022 жылы 22-сәуірге сағат 11 - 00 минутқа дейін мына мекенжайдан алуға болады: Алматы облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Сәтпаев көшесі, №65 ғимаратының 3 қабаты 20-кабинет.**

Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: **2022 жылдың 22 сәуір 18 сағат 30 минутқа.**

Ауыл шаруашылығымен айналысатын тұлғалар конкурсқа қатысу үшін конверттерге салынған конкурстық құжаттамаларды Ескелді ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөліміне мына мекенжайға табыс етіледі: **Алматы облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Сәтпаев көшесі, №65 ғимаратының 3 қабаты 20-кабинет.**

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер **2022 жылы 25 сәуір сағат 11 - 00 минутта мына** мекенжайда ашылады: 040500 Алматы облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, №67 ғимаратының үлкен мәжіліс залы.

Жер комиссиясы түскен жабық конверттегі ашу жолымен (конкурсқа қатысушылардың қатысуынсыз) конкурстың қорытындысын шығарады.

Қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін **(72836) 3-17-68 телефоны, 3-18-91** арқылы хабарласуға болады.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, конкурстық ұсынысты, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады. Конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс» және «жылғы _____» «дейін ашуға болмайды» (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Ескелді ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі

Акимат Ескельдинского района, Алматинской области (040500, Алматинская область, Ескельдинский район, село Карабулак, улица Оразбекова, 67) объявляет список сельскохозяйственных земель согласно лота.

Согласно статьи 43-1 Земельного кодекса Республики Казахстан и Приказа №518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министр сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» Все лица, занятые в сельском хозяйстве, которые подходят всем требованиям.

Заявки на участие в конкурс будут приниматься через 30 дней после публикации, то есть с 04 по 22 апреля.

Перечень документов, необходимых для участия в конкурсе, можно получить **до 22 апреля 2022 года до 11-00 часов по адресу: 20, 3 этаж, офис 65, улица Сатпаева, Ескельдинский район, Алматинская область.**

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается **22 апреля 2022 года в 18:30 часов.**

Вскрытия конвертов с конкурсной документацией будет проведена **25 апреля 2022 года в 11:00 часов (040500, Алматинская область, Ескельдинский район, село Карабулак, улица Оразбекова, дом 67)** в большом конференц-зале акимата района.

Земельная комиссия подводит итоги конкурса путем вскрытия поступивших закрытых конвертов (без участия участников конкурса).

Для получения дополнительной информации и запроса звоните **8 (72836) 3-17-68, 3-18-91** (Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Ескельдинского района).

А также, заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

- для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;
- для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;
- местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;
- конкурсное предложение;
- обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Согласно статье 43-1 Земельного кодекса Республики Казахстан и Приказа №518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министр сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» Все лица, занятые в сельском хозяйстве, которые подходят всем требованиям.

Заявки на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

заявленного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

- конкурсное предложение;
- обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать:

- бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);
- обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;
- обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала «электронного правительства».


Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

ГУ «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Ескельдинского района»

№	Местоположение земельного участка (сельский округ)	Площадь га.	Вид угодья земельного участка	Качественные характеристики почвы	Баллы бонитета	Водообеспеченность	Сельскохозяйственная специализация региона	Срок аренды
1	Конырский сельский округ	18	богарная пашня	черноземы среднесмытые	27	не обеспечено	специализированный	10 лет
2	Конырский сельский округ	38	богарная пашня	черноземы среднесмытые	27	не обеспечено	специализированный	10 лет
3	Конырский сельский округ	12	богарная пашня	черноземы среднесмытые	27	не обеспечено	специализированный	10 лет
4	Конырский сельский округ	12	богарная пашня	черноземы среднесмытые	27	не обеспечено	специализированный	10 лет
5	Кайнарлинский сельский округ	3,6	богарная пашня	черноземы среднесмытые	27	не обеспечено	специализированный	10 лет
6	Жалгызгагашский сельский округ	3,4	орошаемая пашня	черноземы среднесмытые	34	обеспечено	специализированный	10 лет
7	Жалгызгагашский сельский округ	3,7	орошаемая пашня	черноземы среднесмытые	34	обеспечено	специализированный	10 лет
8	Жалгызгагашский сельский округ	4,4	орошаемая пашня	черноземы среднесмытые	34	обеспечено	специализированный	10 лет
9	Жалгызгагашский сельский округ	2	орошаемая пашня	черноземы среднесмытые	34	обеспечено	специализированный	10 лет
10	Сырымбетский сельский округ	15	богарная пашня	Темно-каштановые обычные среднесмытые	40	не обеспечено	специализированный	10 лет
11	Сырымбетский сельский округ	15	богарная пашня	Темно-каштановые обычные среднесмытые	40	не обеспечено	специализированный	10 лет
12	Сырымбетский сельский округ	2,3	орошаемая пашня	черноземы среднесмытые	34	обеспечено	специализированный	10 лет
13	Алдаберженовский сельский округ	3	орошаемая пашня	черноземы среднесмытые	27	обеспечено	специализированный	10 лет
14	Алдаберженовский сельский округ	3	орошаемая пашня	черноземы среднесмытые	27	обеспечено	специализированный	10 лет
15	Алдаберженовский сельский округ	3	орошаемая пашня	черноземы среднесмытые	27	обеспечено	специализированный	10 лет
16	Алдаберженовский сельский округ	3	орошаемая пашня	черноземы среднесмытые	27	обеспечено	специализированный	10 лет
17	Алдаберженовский сельский округ	3	орошаемая пашня	черноземы среднесмытые	27	обеспечено	специализированный	10 лет
18	Алдаберженовский сельский округ	3	орошаемая пашня	черноземы среднесмытые	27	обеспечено	специализированный	10 лет
19	Алдаберженовский сельский округ	3	орошаемая пашня	черноземы среднесмытые	27	обеспечено	специализированный	10 лет
20	Карабулакский сельский округ	5,3	орошаемая пашня	Темно-каштановые обычные среднесмытые	40	обеспечено	специализированный	10 лет
21	Карабулакский сельский округ	3,1	орошаемая пашня	Сероземы обыкновенные северные обычное орошаемые	36	обеспечено	специализированный	10 лет
22	Карабулакский сельский округ	17	богарная пашня	Сероземы обыкновенные северные обычное	27	не обеспечено	специализированный	10 лет
23	Карабулакский сельский округ	12	богарная пашня	Сероземы обыкновенные северные обычное	30	не обеспечено	специализированный	10 лет
24	Карабулакский сельский округ	5	орошаемая пашня	Сероземы обыкновенные северные обычное орошаемые	36	обеспечено	специализированный	10 лет
25	Карабулакский сельский округ	2,1	орошаемая пашня	Темно-каштановые карбонатные сильносмытые орошаемая	61	обеспечено	специализированный	10 лет
26	Карабулакский сельский округ	3,2	орошаемая пашня	Темно-каштановые обычные среднесмытые	40	обеспечено	специализированный	10 лет

БАЙТҰРСЫНҰЛЫ:

УАҚ ҚАРЫЗ



керек. Серіктік серіктескен адамдарға қарызға оңай жолмен, жеңіл шартпен ақша беріп тұру үшін ашылады деп жоғарыда айтылды. Оларға қарызға беретін ақшаны қайдан алады? Ол ақшаны қазынадан алады. Іс басталып, жүріп кету үшін қазына мыңнан бастап, бір мыңға шейін қарыз береді. Орын-бұр уезінде ондай қарыздарға 1000 сом, 2000 сом беріліп тұр. Көп, аз беру серіктіктің үлкен, кішілігіне қарай. Бұл ұзын сөз (13 жылдық) қарыз сомына алты тиын өсімімен беріледі. Ол өсім жыл аяғында, декабрде төленіп отырады. Онан басқа государственный банк қысқа сроқты (тоғыз айлық) қарыз да береді. Оны да серіктіктің үлкен, кішісіне қарай, екі мыңнан бастап, бес мыңға шейін береді. Бастапқы кезде серіктікке қазына осындай көмек береді, сонан соң серіктіктің жұмысы жөнделіп кетсе, қарызға берерлік ақша бірте-бірте өз ісінен құралады. Іс жақсы кетіп бара жатқанын көрген соң, уақ қарыз қазынасы өсім үшін ақша салатындар да шығады. Тоғыз айлық государственный банк беретін қарыз да істің жүрісіне қарай беріледі, жақсы бара жатса, көбірек, олай болмаса, азырақ беріледі. Серіктік члендеріне қарыз берілгенде, бастапқы кезде бір жылдан артық срок-

келерлік болмаса, ашқанмен, жөндеп жүргізе алмай, пайда орнына зарар келтіреді.

Уақ қарыз серіктігінің түп мақсаты серіктескен адамдарға керекті кезінде машақатсыз, оңай жолмен, жеңіл өсіммен қарыз беріп тұрмақ. Ол қарызға берілетін ақша азық-түлік, киім-кешек нем оған басқа сол сияқты шығыны бар да, өнімі жоқ қажеттерге емес, шыққан ақшадан өнім болатын іске беріледі. Мысалы: егін саларда иә келігі кем болып тұрса, пішен шабуға машина алатын болса, я май алатын машина керек болса, я малға жем-шөп алу қажет болса, қысқасы, шығарған ақшасын өтерлік іс я кәсіптерге ғана беріледі.

Уақ қарыз серігін ашып, бастау үшін әуелгі кезде 20-30 адам керек. Ол адамдардың әрқайсысы өз алдына шаруасы я кәсібі бар адамдар болу тиіс, жасы 21-ден кем болмайды, еркек болсын, әйел болсын, бәрі бір есеп. Доктор, учитель, фельдшер, писарь, мұғалім, мұғалималар сияқты хат білетін, көзі ашықтау адамдардың кіріскені тым жақсы, мұндай адамдар тек сол жер-де тұратын болса, жарайды. Жалғыз-ақ қымбаты: таза қылықты нем халыққа қызмет етуге ынтыс бар адамдар болсын. Уақ қарыз серіктігін ашамын деген адам әуелі екі-үш адамға ойын айтып, істің мәнісін түсіндіреді, олардың әрқайсысы тағы екі-үш адамға айтады. Сонымен, серіктікке кірерлік адамдардың саны 20-30-ға толған соң, бәрі жиылып, бас қосып, іс жайын кеңеседі. Ашатын қаласын я ауылын белгілейді нем қанша елге, яғни бір волост я бірнеше волост елге ашу ма – оны нем анықтап, жиылыста белгілейді. Осы іс бастап отырған 20-30 кісі учредительдер (жасаушылар) деп аталады. Учредительдер министр қол қойып шығарған уақ қарыз жайындағы уставты қарап, қолайлағандарын алып, қолайламағандарын, себебін айтып, өзгерт деп сөз етуге ықтиярлы.

Бас қосып кеңесіп, ақылдасып, ойласып, сөзді пісіріп болған соң, ашарға

руқсат сұрап, арыз береді. Арыз беру, руқсат алу – бәрі де оңай. Арыз беріліп, руқсат алынғаннан кейін қызмет етер адамдарын сайлайды, ол үшін члендердің түгел жиылысы болады. Уақ қарыз серіктігінің қожасы – члендердің түгел жиылысы. Оны орысша общий собрание дейді. Түгел жиылыстың ұйытқаны – серіктік жұмысына закон. Оны асып ешкім іс қылуға ықтиярлы емес. Члендер жиылысында серіктік жұмысын атқаратын адамдар сайланады, мысалы, үш кісі сайланады серіктік жұмысын жүргізіп тұруға, оларды правление дейді. Олардың ісін тексеретін үш адам сайланады, оларды совет дейді.

Сөйтіп, серіктік жұмысы үшке бөлінеді: члендер жиылысына, правление-ге, советке. Бөріне жол салып, жоба көрсетіп беруші члендер жиылысы: қанша өсіммен қарыз беру, қарыз алу ретін бекіту, жаңа члендерді қалай кіргізу, қандай сомаға шейін оған қарыз беруге болатындығын бекіту, жылдық расходтың сметасын, жыл өткеннен соңғы отчетты бекіту, правление менен советтің үстінен арыз болса, қарау, тексеру, правление менен совет жұмысына жасалған типтерді бекіту – бұлардың бәрі де члендер жиылысына міндет жұмыстар.

Қарыз алу, қарыз беру, жылдық расходқа смета жасау, жыл өткен соң отчет беру, басқа мекемелермен қатынасу, қысқасы, жиылыста істелсін деп мақұлданған істің бәрін атқаратын правление.

Советтің қарайтыны: уақ қарыз тұрасындағы закондерге, члендер жиылысында ұнатылып жасалған тәртіптерге хылаф іс қылыбасын кездеу, серіктік сомасы, мүлкі түгел ме – соны біліп тұру, ол үшін айында аз болса бір рет қазынаға бар ақшаны, қарызға берілген ақшаны қниеге салыстырып қарап, түгендеп тұрады. Правление менен советке сайланған адамдар хат білетін, іс білетін адамдар боларға керек, әсіресе правлениедегі адамдар. Серіктіктің маңызды ісінің бірі осылардың қолында болады, білімнің үстіне тазалық нем

◆ КӨМБЕ

Уақ қарыз жайынан мағлұмат беріп қазақтардан, әуелі, сұраушылар болғандықтан, екінші, Оренбургский государственный банктағы уақ қарыз жұмысындағы инспектордың Торғай облысында әр жерден уақ қарыз серіктігін ашпақшы ниеті бар болғандықтан, уақ қарыз деген не нәрсе екендігін айтып, халықтың құлағына салмақшымыз. Уақ қарыз серіктігі деген – серіктескен адамдардың қажетін шығаруға қарызға ақша беріп тұратын серіктік. Шаруасы бар, кәсібі бар адамдардың көбі-ақ қарызданбай тұрмайды. Қарызды бай да алады, жорлы да алады, бай мен жарлыға қосылмайтын орташа ауқаты бар адамдар да алады. Байдың қарызы ірі болады, басқаларының қарызы уақ болады. Байлар мыңдап, он мыңдап, жүз мыңдап қарыз алады, басқалары ондап, жүздеп ғана қарыз алады. Ірі қарыздар үшін неше түрлі банктар бар, уақ қарыздар үшін ондай орындар жоқ. Уақ қарыз алушылар көбіне ақшалы адамдардан қарыз алады, алғанда, көп өсімменен алады. Қажет болған шағында өсімнің көбіне қарамай, төлеу шартының ауыр-жеңілін талғамай ала салады. Сондай қысылғандарға көп өнімменен қарыз беруді кәсіп қылып алған адамдар да көп. Ауыр шартпен көп өсіммен қарыз алудан құтылуға болады, егерде уақ қарыз серіктігін ашып, дұрыстап, оны іс қылып жүргізетін адамдар болса.

Уақ қарыз серіктігі пайдалы нем ашуы да оңай. Жалғыз-ақ қиын жері – дұрыстап іс етіп жүргізу. Оны дұрыстап жүргізу үшін керек, әуелі, іс мәнісін жақсы білетін адамдар, екінші, серіктіктің тиын-сиындарына көзі қызықпайтын адамдар, осы екі шарт орнына келетін болса, уақ қарыз серіктігі серіктескен адамдарға бек пайдалы нәрсе.

Біз сырттан ашыңыз-ашпаңыз деп ешкімге мәслихат бере алмаймыз: жоғарғы екі шартқа тура келерлік кісілері бар-жоғын әркім өзі біледі, біз уақ қарыз деген не нәрсе екендігін нем қалай істелетін жайын жазсақ, қолынан келер-келмесін әркім өзі аңғарар. Қолынан келерлік болса, ашқандары пайдалы,

◆ ÜLTTYQ ENSIKLOPEDIA

ҰЛТТЫҚ СУСЫНДАР ДЕРТКЕ ДАУА, ЖАНҒА ШИЦА

Қымыз бен шұбат – қазақ халқының ежелден пайдаланып келе жатқан сусыны. Қазақтар қай кезде де тағамның құндылығын, пайдасы мен зиянын білген. Оның ішінде осы екі сусын емдік қасиетінің арқасында жоғары бағаланған. Ал соңғы уақытта орын алған пандемияға байланысты аталған сусындардың сұранысы көбейе түсті.



Бұрын әр шаңырақтан табылатын сусынды қазір табу оңайға тимей тұр. Сусынды саудалап жатқандар саны да, бір мезетте сатылатын мөлшері де аз болып тұр. Тіпті халық арасында сұранысы жоғарылаған соң бағасын «аспанға ұшырып» қойғандар да бар. Міне, дәл осы уақытта алушысы көп сусынның пайдасы қандай?

«Қымыз – қырық ауруға ем» деп бекерге айтылмағандай. Ғылымда ол альбуминдық қасиетке ие сүттің ерекше түріне бағаланады. Мәселен, қымызда ақуыз мөлшері 1,8-2 процентке тең. Ал ақуыз кез келген сүттің ең пайдалы заты. Бие сүтінде сиырдың сүтінен гөрі қан айналым жұмысына септігін тигізетін кобальт 1,5 есе, мыс 3,2 есе көп. Ал қымыздың майлылығы сиыр сүтінен екі есе аз. Адам иммунитетін көтеруде қымыз таптырмаз сусын болып саналады, себебі оның құрамында В, А, Е және С дәрумені бар.

Ал емдік қасиетіне келер болсақ, бие сүті буын аурулары, ұйқысыздық, ішек және жүйке ауруларын емдеуге қауқарлы. Дәрігерлер қан айналымының жиілету, гемоглобинді арттыру үшін қымыз ішуді ұсынады. Өз кезегінде ол тамырдың жиі соғылуы мен қан айналымының жақсаруына көмектеседі. Сондай-ақ, қымыз адамның тәбетін ашады, ағзаны ащы сусындардың зардабынан тазартады. Құрамында С дәруменінің көптеп кездесуінен ол туберкулез ауруын емдеуде көп қолданылады, яғни туберкулезбен ауыратын

адамның ағзасындағы дәрумендер алмасуының бұзылуын тоқтатады. Ақуыз, пептидтер мен аминқышқылдарға қаныққан сусын сырқат адамның күш-қуатын тез қалыпқа келтіреді.

Шұбат та қазақ халқының күнделікті өмірінде ойып тұрып орын алатын сусынның бірі. Сусын ретінде, пайдасы жөнінен шұбаттың маңыздылығы зор. Өйткені оның құрамында май, ақуыз бен минералдық заттар саны көп. Оның пайдасы сауылуына, жыл мезгілі мен қоректенуіне байланысты түрліше өзгеріп отырады.

Ал емдік мәселеге келетін болсақ, халық емшілері түйе сүтіне науқасты шоғылдыру арқылы жел-құз, қан-тамыр ауруларын емдеген. Шұбаттың құрамында кальций, мыс, темір, магнезий, мырыш секілді микроэлементтер, фосфор мен күкірт бар. Құрамы осындай макро және микроэлементке бай шұбатты халық емінде өкпе, асқазан ауруларын, қарқұлақ пен мешелді емдеуге қолданған. Сонымен қатар түрлі созылмалы аурудан әлсіреген ағзаны қайта қалпына келтіру үшін пайдаланған.

Шұбатпен созылмалы гастритке шалдыққан адамдарды емдеуге болады. Осы аурумен

науқастанған адам 15-20 күн шұбат ішсе құлантаза айығып шығады екен. Туберкулезбен ауыратындарды емдеу кезінде дәрілер мен қоса осы сусынды беріп, дене қызуын қалыпқа келтіреді және ауру белгілерінен арылтады. Қандағы патологиялық өзгерістер жойылады да өкпенің ыдыраған тұсы жабылады. Шұбатпен емдеу барысында дәрімен емдеуден кейінгі пайда болатын құбылыстар 2,5 есеге аз.

Шұбат ем үшін ғана емес, оның алдын алу үшін де пайдаланылады. Сусынды жиі пайдаланатындар ауруға көп шалдықпайды. Ал кішкентай бала ерте кезінен-ақ шұбат ішсе, оның организмді қалыпты өседі. Жасы келген кісілердің күш-қуаты жақсарып, ұзақ жасайды.

Міне, аталған сусындардың осындай пайдалы қасиеттері көп. Ал індет шарықтап тұрған кезеңде оны күнделікті тұтынып жүргендердің қатары да көбейгені заңдылық. Десе де мұндай сәтті қалт жібермей, емдік сусындарды бас пайдасы үшін қымбаттап сатушылар да кездесуде. Алайда, мұндай қысылтау уақытта бас пайданы қойлайтын уақыт емес екені сөзсіз.

С.ТҰНЫСБЕК

◆ BILIK

ТАНЫМ МЕН ТАҒЫЛЫМ ОРДАСЫ



Қазір ақпараттың дәуірі. Интернет дегенің сұрағанды тауып береді. Айтар уәжіміз осы. Ал сандық технологияның «өкесін» шығарып жатқан Жапония кітап оқудан әлемде ешкімге есе жібермейді. Неміс жазушысы Лион Фейхтвангер: «Көркем әдебиет пен газет-журнал жас баланы саяси қайраткерге дейін тәрбиелейді» деген еді ғой.

ЮНЕСКО жанындағы статистика институтының мәліметі бойынша, әлемде адам басына шаққандағы кітапханасының көптігі жөнінен Грузия көш бастап тұр. Бұл елде 1 мың адамға шаққанда 16 335 кітаптан келеді екен. Алғашқы ондықта бұрынғы Кеңес одағы елдері ішінен Армения, Эстония, Литва елдері де бар. Кітап қоры жөнінен Қазақстан әлем бойынша 41-орында тұр. Еліміздегі әрбір мың тұрғынға 249 кітаптан келеді екен. Ал, ауданымызда кітап қоры жөнінен Титов атындағы орта мектептің кітапханасы алғашқы орындарда. Мектептен қатар жасасқан кітапхана тарихы өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастау алады.

Мектеп кітапханасы заманауи үлгіде жабдықталған. Уақыт талабына сай жаңашыл технологиялар бар. Сонымен қатар, мектеп кітапханасы оқырмандар сұранысын толық қанағаттыратын және оқушылардың қызығушылығын арттыратын киелі орда. Қазыналы орданың басты міндеті – оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету, оқырманның назарын кітап оқуға аудару, оқырман санын арттыру. Жас ұрпақты тәрбиелеуде кітапхананың орны ерекше.

Бүгінгі шәкірт – ертеңгі ел тұтқасын ұстайтын азамат. Кітапханада өтетін поэзиялық кештер мен әдеби сайыстарға мектеп оқушылары белсене қатысады. Мысалы, түрлі тақырыпта көрмелер, мерейлі мерекелер, ақын-жазушылар мерейтойларына келгенде іс-шара өтеді.

Мектеп дәлізінде «Буккроссинг» және «Кітапханаға кітап сыйла» акциялары өтті. Бұл іс-шараларға мектеп оқушыларымен қатар ұстаздар қауымы да белсене қатысты.

Ж.КУРМАНГАЛИЕВА, Титов атындағы орта мектептің кітапханашысы

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС директор - бас редактор Жаханмет Мырзахметұлы ИСАБАЕВ. Директордың телефоны 3-04-75 Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекенжайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1500 Тиражы 3050 Тапсырыс 191 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Е. КАЧЕНКО.